



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# 237 МЫҢ БАЛА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



Қазақстанда мүгедектігі бар балаларды қолдау мәселесі соңғы жылдары жиі көтеріліп келеді. Мемлекет деңгейінде де бұл бағыт басымдықтардың бірі ретінде белгіленген. Алайда кезекті заң жобасы талқылауға түскен сайын «Біз шын мәнінде жұмыс істейтін жүйе құрып жатырмыз ба, әлде тек формалды өзгерістермен шектеліп отырмыз ба?» деген сұрақ туындайды.

(Жалғасы 3-бетте)

## МІНБЕР

Түркі халықтарына ортақ ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт атамыздың: «Өткен күн, кеше – тарих, келер күн, ертең – сыр, ал бүгінгі күн – үлкен сый» деген тағылымы терең сөзі бар. Сол айтпақшы, Қазақстанның құқықтық алаңында әкімшілік әділет институтының пайда болып, қолданысқа енгізілгені күні кеше секілді еді. Содан бері зымырап бес жыл өте шыққан екен. Бұл расында да ұжымдық ізденіске, әріптестік белсенділікке, қызу еңбекке толы бес жыл.

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – «ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАРҚЫН МЫСАЛЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің дайындалып, елімізде 21 әкімшілік сотты жасақтауға қатысты алғашқы қадамдардың жасалғаны кезі әлі көз алдымызда. Бұл шын мәнінде жоғары дайындықпен, зерделі зерттеу, зерек ой, зиялы пайымдардың нәтижесінде дүниеге келген бірегей бастама болатын. Мұндай ілкімді жобаның артында Мемлекет басшысының тапсырмасы тұр. Әкімшілік әділет институтының бастауында Президенттің елге болсын, халықтың қалауы қаперге алынсын, азаматтардың құқығы тапталмасын деген шынайы ниеті жатыр. Сол жылдары әкімшілік әділет институтын қалыптастырып, дамытуға атсалысқан кез келген судьяның санасында Президенттің «Азаматтар мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымданған кезде көбінесе теңсіздік жағдайға тап болады. Сондықтан, әкімшілік сот төрелігін осы айырмашылықты азайтатын арнайы дауларды шешу механизмі ретінде енгізу қажет» деген сөзі жаңғырып, алға қамшылап тұрды.

Президент тапсырған, ел күткен жоба жекеден табылуы үшін Жоғарғы Сот тарапынан да ауқымды ұйымдастыру шаралары қолға алынды. Республикамыздың әр өңірінде құрылған мамандандырылған әкімшілік соттардың қатарында Маңғыстау облысындағы мамандандырылған әкімшілік сот та бар. Біздің сотты да заманауи ғимаратпен қамтамасыз ету, материал-

дық-техникалық мәселелерін шешу, жаңа бағыт бойынша сауатты төрелік жасайтын судьялар шоғырын оқытып, біліктілігін шыңдау бірлескен күш-жігер мен кешенді шараларды қажет етті. Бүгінде Маңғыстау халқы жиі жүгінетін, судьялар шешіміне үнемі алғысын білдіріп келе жатқан әкімшілік сот бір күннің, бір сәттің шаруасы емес. Бұл Жоғарғы Соттың қолдауымен қолданысқа енгізіліп, халықтың шынайы алғысына ие болған маңызды жоба. Бұған күн өткен сайын көзіміз жетіп, көңіліміз сеніп келеді.

Әкімшілік әділеттің ерекше құндылығы – ол үкімет пен азамат арасындағы мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар тарапынан негізсіз қудалауды жоюға, мемлекеттік органдар шешімдерінің заңдылығын нығайтуға және құқықтық қатынастарға қатысушылар арасындағы ортақ мәселелерді шешуде ынтымақтастық жасауға арналған. Осы аралықта әкімшілік әділет мемлекеттік органдармен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралы және заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тетігі ретінде мойындалды.

Әкімшілік әділеттің негізгі мақсаты – мемлекеттік аппараттың, әкімшілік органдардың және мемлекеттік лауазымды тұлғалардың билікті өз бетінше жүзеге асыруын шектеу.

(Жалғасы 2-бетте)

## СҮХБАТ

**Бағлан ҚАРҒҰЛОВ**, Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы:

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – АЙМАҚТЫҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫНЫҢ БІРІ

– Бағлан Абайбекұлы, еліміздегі кез келген өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең алдымен ондағы тұрғындардың саны мен көші-қонынан байқалады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы ретінде облыстағы ахуалды қалай бағалайсыз?

– 1 наурызға дейінгі мәлімет бойынша Алматы облысы халқының саны 1603,5 мың адамды құрады. Оның ішінде қалалықтар – 309,8 мың адам (19,3%), ауыл тұрғындары – 1293,7 мың адам (80,7%). Халықтың табиғи өсімі 2026 жылғы екі айда 2550 адамды құрады. Былтырғы сәуір-кес кезеңде бұл 2869 болған. Оған қаңтар-ақпанда туғандар санының (3949) былтырғыдан 10,2 пайызға асауы өз әсерін тигізді. Биыл қайтыс болғандар саны 2025 жылғы қаңтар-ақпандағыдан 8,6% пайызға азайып, 1399 адамды құрады.

Көші-қонға келетін болсақ, биыл онда оң айырма қалыптасты. Нақты айтқанда ол 4414 адамды құрады. Былтырғы қаңтар-ақпанда бұл көрсеткіш 3264 адам болған. Енді көші-қонның құрылымына көз жүгіртсе болсақ оң айырма сыртқы көші-қонда – 794 адамды (2025 жылғы қаңтар-ақпанда – 1065 адам), ішкі көші-қонда – 3620 адамды (2025 жылғы қаңтарда 2199 адам) құрап отыр.

– Еңбек нарығында қандай өзгерістер бар?

– Еңбек нарығындағы жағдайға келетін болсақ, 2025 жылғы IV тоқсандағы 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің саны 775,8 мың адамды

құрады. Жалпы жұмыс күшіндегі қала халқының үлесі 19,4 пайыз, яғни 150 мың адам. Жұмыс күшінің жартысынан көбі (406,4 мың адам) ерлер, ал қалған 369,4 мыңы (47,6%) әйелдер. 2025 жылғы IV тоқсандағы жұмыссыздар саны 35,5 мың адамды немесе 4,6%-ды құрады.

Облыс экономикасында 740,2 мың адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде экономикада жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі жалдамалы жұмысшылар. Жұмыспен қамтылған халықтың ішінде жеке кәсіпкерлердің саны 234,6 мың адамды немесе 31,7 пайызды, тәуелсіз жұмыскерлер – 58,6 мың адамды немесе 7,9 пайызды құрады.

– Жұмыс орнын сақтап қалу мен оны ұлғайтуда негізгі капиталға салынған инвестицияның орны ерекше екені белгілі. Алматы облысында бұл көрсеткіш қалай жүзеге асуда?

– Дұрыс айтасыз. Инвестиция және құрылыс қызметінің көрсеткіштері экономиканың орнықты даму процестерін бағалауға және болжауға мүмкіндік беретін экономикалық өсудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Инвестициялау – бұл инвестициялық пайда көмегімен бүгінгі қажеттілікті қанағаттандыру және оны болашақта қанағаттандыруын күтумен алмастыру болып табылады. Өйткені кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қазметінің түпкілікті нәтижелері негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне тікелей байланысты.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ




Қорғаныс қуаты тек техникамен өлшенбейді

6-БЕТ



Мұнайдан мүмкіндіктер мекеніне бетбұрыс

8-БЕТ



Алтын салған жасыл сөмке



# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – «ЕСТИТИН МЕМЛЕКЕТ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАРҚЫН МЫСАЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесін және мемлекеттік органдармен дауларда азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғауды реттеді.

Түптеп келгенде әкімшілік әділет – Президентіміз бағдар еткен «Еститін мемлекет» идеясының жарқын мысалы. Себебі бұл институт барша қарапайым азаматтардың жария-құқықтық дауларды қарау, шешу, тәжірибе қалыптастырудағы пікір-ұсынысы негізінде құрылып, халықтың талап-тілегі ескеріле отырып дайындалуымен бағалы.

Әрине, салыстырмалы түрде алғанда Қазақстандағы әкімшілік сот төрелігі институты жаңа. Десек те жұмысын енді бастағанымен, институт бес жылдың ішінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Әкімшілік соттардағы ізденістер мен іркілістерге баға беру үшін бірнеше басымдықты арнайы көрсетуге болады.

Біріншіден, әкімшілік әділет халықтың әділ төрелікке деген сенімін нығайтты. Бұған жаңа институтта тәжірибеге енгізілген жылдардағы жұмыс жүктемесіне қарап-ақ көз жеткізуге болады. Мысалы, алғашқы жылы жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты 358 шағым түссе, бұл сан жыл сайын сатылап өсіп, 2022 жылы – 784, 2023 жылы – 971, 2024 жылы – 1072, 2025 жылы 1116 шағымға жеткен. Қорытынды анық – бұл жаңа соттарға да, жаңа институтқа да азаматтардың сеніммен қарауының айқын көрінісі.

Оның ішінде мемлекеттік тілде берілген талап арыздар санының да көбейгені қуантады. Айталық 2021 жылы өндірістегі 358 шағымның 88-і қазақша түссе, 2022 жылы – 254, 2023 жылы – 345, 2024 жылы – 444, ал 2025 жылы 427-ні құраған. Талап арыз қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады деген заңдық талапта дәйектелгендей, бұл сандар Маңғыстау облысындағы әкімшілік сотта мемлекеттік тіл мәртебесінің биік екенін дәлелдейді. Әрі бұл сот ұжымының мемлекеттік тілге байланысты заң талаптарын тыңғылықты түсіндіріп, азаматтық ұстанымды айқындауға қатысты үздіксіз жүргізген ақпараттық, насихат жұмысының жемісі деп сеніммен айта аламыз.

Мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне шағымданған жеке және заңды тұлғалар талабын қарауда да әкімшілік соттар кәсібилігі мен талапшылдығын танытып келеді. Мәселен 2021 жылғы сот өндірісіне түскен талап арыздардың 43,9 пайызы, 2022 жылы – 61,3%, 2023 жылы – 59,9%, 2024 жылы – 60,7%, ал 2025 жылы – 55,6 пайызы азаматтар пайдасына шешілген болатын. Бұл ненің көрсеткіші? Бұл біріншіден мемлекеттік органдардың



**Исатай СМАТОВ,**  
Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі  
сот алқасының төрағасы

әкімшілік рәсімдерді сақтамайтынын, құжатқа салғырт қарауының нәтижесі. Екіншіден, азаматтар әкімшілік соттарда көбінесе «соттың белсенді рөлі» мен мемлекеттік органдардың кінәлілік презумпциясының енгізілуінің арқасында жеңіске жетеді. Себебі, лауазымды тұлғалар өз әрекеттерінің заңдылығын дәлелдей алмай жатады. Әрі әкімшілік әділетте сот жай ғана процесі бақылаушы емес, дәлелдемелерді белсенді түрде жинауға, құжаттарды сұрауға және азаматтарға өз ұстанымын негіздеуге көмектесетінін ұмытпаған абзал. Үшіншіден, мемлекеттік орган азамат үшін міндетті шешім қабылдамас бұрын оның уәжін тыңдауға міндетті. Бұл процедураның бұзылуы да сәйкесінше шешімнің күшін жоюға негіз болып табылады. Төртіншіден, мемлекеттік органдардың негізсіз, заңсыз шығарылған шешімдері азаматтар шағымның қанағаттандырылуына түрткі болады.

Әкімшілік әділеттің екінші негізгі функциясы – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттырып, мемлекеттік қызметкерлердің жауаптылығын көтерудегі ықпалынан туындайды.

Бұл институттың пәрменділігі – құзырлы органдарды өз қызметін дәл уақытында, талапқа сай орындауға мәжбүрлейтін заңдық тетігінің қолданылуынан көрінеді. Ол тетік – соттың заңды талабын орындамаған, сот құзырына бағынбағандарға берілетін ақшалай өндіріп алу шарасы. Мәжбүрлеу тетігін Маңғыстау облысының

растырылуында. Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның Қазақстан заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылықты бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі. Ең бірінші кезекте сот талқылауы барысында әкімшілік қалаудың бар-жоғын тексереді. Әкімшілік қалауы болса «Соттың белсенді рөлі» қағидатының негізінде, тараптарға алдын ала құқықтық пікірін білдіріп, талап қоюшылардың берген талап қоюын кері қайтарып алуына, оның ішінде даудың нақты шешілуіне және тараптардың татуласуына мүмкіндік жасайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызды жаңалығының бірі – татуластыру рәсімдері. Бұл екі тарапты да қанағаттандыратын және жанжалды азайтатын, ортақ мәмілеге келуге мүмкіндік беретін ерекше институт. Әкімшілік әділет алаңында ымыралаһып, бітімге келгендер санында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бұл әрине медиацияның маңызын көтеру, медиативтік келісімдер санын көбейтуге қатысты кешенді шаралардың әлі де толық нәтиже бере алмай отырғанын көрсетеді. Әкімшілік соттардағы медиация туралы келісімдердің көбеймей отырғаны даулардың жария-құқықтық сипатына байланысты, онда мемлекет, яғни, құзырлы орган өз өкілеттіктерін еркін жүзеге

*Әкімшілік әділет халықтың әділ төрелікке деген сенімін нығайтты. Бұған жаңа институт тәжірибеге енгізілген жылдардағы жұмыс жүктемесіне қарап-ақ көз жеткізуге болады. Мысалы алғашқы жылы жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты 358 шағым түссе, бұл сан жыл сайын сатылап өсіп, 2022 жылы – 784, 2023 жылы – 971, 2024 жылы – 1072, 2025 жылы 1116 шағымға жеткен. Қорытынды анық – бұл жаңа соттарға да, жаңа институтқа да азаматтардың сеніммен қарауының айқын көрінісі.*

әкімшілік соты 2021 жылы – 24, 2022 жылы – 32, 2023 жылы – 41, ал 2024, 2025 жылдары 44 рет қолданған. Осының өзі құзырлы органдардың әр қадамын байыппен жасап, ақшалай айыппұл арқаламас үшін соттың талабын мінсіз орындауына ықпал еткені анық. Бұл әдіс әкімшілік актілердің уақытылы орындалуын қамтамасыз етудің де негізгі құралы. Әрі бұл әкімшілік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтік тәртібін жақсартуға бағытталған және рәсімдік талаптар мен мерзімдерді сақтауға жауапкершілікпен қарауға міндеттейтін бірегей тетік.

Әкімшілік әділеттің тағы бір артықшылығы әкімшілік қалаудың қа-

асыра алмайды, ал азаматтар ымыраға келудің орнына құқықтарын қорғауға басымдық береді. Негізгі себеп – заңнамадағы қатаң ережелермен, лауазымды тұлғалардың жауапкершілікті мойнына алуға құлықсыздығымен байланысты десек қателеспейміз.

Әкімшілік соттардың енгізілуі қоғамда бірыңғай сот практикасының қалыптасып, төрелікте кететін кем-кетікті біртіндеп шешуге көмектесті. Соның арқасында республикадағы әкімшілік соттардың тәжірибе алаңы қалыптасып, әкімшілік істерді қарайтын судьялардың біліктілігін арттыруға, шеберлігін шыңдауға мүмкіндік туды.

Әкімшілік істерді қарауда кезде-

сетін кем-кетіктердің де барын мойындауымыз керек. Біріншіден, әкімшілік істердегі тәжірибе әлі де біркелкі емес. Осыған байланысты Жоғарғы Сот мемлекеттік органдарға сот төрелігін жүзеге асыру тәжірибесі бойынша үнемі түсініктемелер беріп келеді. Өкінішке қарай, мемлекеттік, әкімшілік органдарда ізденіс, құқықтық білімін көтеруге деген ынта төмен. Біліктілігін көтермеген, өзін дамытпаған, өзі ісіне салғырт қарайтын мемлекеттік қызметкерлер жиі қате жібереді. Бұл әкімшілік сотқа арызданатындар қатарын ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік органға күмәнмен қарайтын азаматтар санын да көбейтеді. Сондықтан, әкімшілік соттар жұмыс барысында жиі кемшілік жіберетін, қателіктерді үнемі қайталайтын мемлекеттік құрылымдарға ұсыныс хаттар жолдап, кемшіліктерді бірігіп шешу үшін өзара диалог құруға бастама көтеріп келеді.

Мысалы, жұмысында үнемі кемшіліктер орын алып, қателіктерге жүйелі түрде жол беретін құзырлы органдарға жеке ұйғарымдар қабылданып, түйткілдің дұрыс тарқатылуына күш саламыз. Әкімшілік сот 2021 жылы – 30, 2022 жылы – 145, 2023 жылы – 131, 2024 жылы – 156, ал былтыр 184 жеке ұйғарым қабылдаған. Жыл сайын осындай ескертулер мен ұйғарымдар жіберілгеніне қарамастан, салық дауларында кемшіліктер ұдайы қайталанатын. Сонымен бірге жеке сот орындаушылар қызметіне де үнемі сын айтылады. Біз бұл кемшіліктерді көрсетіп қана қоймай, әкімшілік соттың алаңында дөңгелек үстел, кездесу, семинарлар өткізіп, құзырлы орган өкілдерімен мәселені бірігіп талқылаймыз. Мұндай екі жақты ашық диалогтың түйткілдерді дөп кезінде, оңтайлы шешуге көмегі көп.

Тағы бір айта кетерлігі, бұрын жария-құқықтық дауларда сотта дәлелдеу ауыртпалығы жеке тұлғаларға тиесілі болатын. Ал қазір керісінше, шағымның негізсіз екенін құзырлы органдар дәлелдеп шығуы тиіс. Өкініштісі сол, әкімшілік органдардың соттарға ұсынған іс материалдарының сапасы көбінесе белгіленген талаптарға сәйкес келмейді, өз әрекетін дәлелдеу позициясы әлсіз, нәтижесінде соттар мемлекеттік органдардың жұмысын орындауға мәжбүр болады. Бұл жағдай, ішінара, мемлекеттік органдардағы құқықтық бөлімдердің әлсіз жұмысының салдары болып табылады. Сондықтан алдағы уақытта оңтайлы шешуді қажет ететін мәселенің бірі де осы болмақ.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар жұмысын бағалаған кезде әкімшілік соттардың шешімін назарда ұстай отырып, рейтинг қалыптастырудың маңызы да, тиімділігі де зор. Себебі, шағымдардың азаматтар пайдасына шешілуінің өзі мемлекеттік құрылымдағы кемшіліктің барын көрсетеді. Ал егер әкімшілік соттың шешімі мемлекеттік орган қызметін бағалауда ескерілер болса, бұл құзырлы органдардың қызметін үйлестіруге, жетілдіруге ықпал етіп, мемлекеттік қызметкерлер жауаптылығын көтеруге әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы әкімшілік сот төрелігі заманауи қиындықтар мен жауапты мемлекеттік талаптарды ескере отырып дамудың жаңа толқынына қадам басты. Бес жылдық белесте қол жеткізген жетістіктер аз болған жоқ, алдағы жеке – әкімшілік әділет институтының қолданысын әрі қарай арттырып, заңдық механизмдерді мейлінше халықаралық талаптарға сай жандандыруға бағытталуы тиіс.

## ИНДУСТРИАЛДЫ ӨНІР

Алматы қаласын дамытудың басты бағыттары қатарында өңдеуші саланы жедел дамыту соңғы онжылдықта күн тәртібінен түспей тұр. Оған Қазақстанның 2016 жылы 2 тамызда климаттың өзгеруі жөніндегі Париж келісіміне қол қоюы тың серпін берді. Өйткені, Париж келісімі бойынша еліміз 1990 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындарын 15 пайызға қысқарту жөнінде өзіне міндеттеме алды.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстанның 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясын әзірледі. Соған сәйкес 2017 жылы Алматыдағы 2-жылу электр орталығын 2020 жылға дейін газға ауыстыруға тапсырма берілген болатын. Алайда бұл жоспар түрлі себеппен баяулап қалды. Ондағы жұмысты

жеделдетуге бірнеше рет пәрмен берілгенімен, одан нәтиже болмады.

Орталықты жаңғырту жобасын іске асыруда бірнеше нұсқа қарастырылған. Атап айтқанда: жаңа станция салу; ЖЭО-2-ні бу-газ қондырғыларын салу арқылы кеңейту; заманауи газ тазалаушы жабдықтарды орнату отырып және отын ретінде көмірді пайдаланып жұмыс істеп жатқан энергетикалық қазандықтарды қайта құру; станцияны газға көшіру. Соған орай Үкіметте «Самұрық-Энерго» АҚ ұсынып отырған ЖЭО-2-нің жұмыс істеп тұрған қазандықтарын газға ауыстыра отырып жаңғырту және газ инфрақұрылымын салу нұсқасы мақұлданды.

Алматыда арнайы экологиялық талаптардың сақталуына бақылау жүргізетін «Есо Алматы» ЖШС-нің есебі бойынша, жаңа газ станциясы іске қосылғаннан кейін 2-ЖЭО-дан ауаға таралатын зиянды заттар 90 пайыздан астамға қысқарып, келесі жылдан бастап 2700 мың тоннаға дейін азаяды. Сонымен қатар, парниктік газдардың, соның ішінде көмірқышқыл газының (CO<sub>2</sub>) көлемі

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАЗАНДЫҚТАР ТАБИҒИ ГАЗБЕН АЛМАСТЫРЫЛАДЫ



де азаяды. Егер бұрын оның жылдық көлемі 4 млн тоннаға жуық болса, жаңғыртудан кейін бұл көрсеткіш 2,7 млн тоннаға дейін төмендейді. Бұл қала ауасындағы қатты бөлшектер мен басқа да зиянды заттардың мөлшерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы 2-ЖЭО-ын жаңғырту жобасы 2023 жылы 31 мамырда жасалған инвестициялық келісім аясында іске асырылуда. Құны – 325,9 млрд теңге. Жаңа газ станциясы құрылысының жоспар бойынша енді бірінші кезеңі 2026 жылы шілде айының соңына дейін, ал тамыз-қыркүйек айларында екінші кезеңі аяқталады. Барлық іске қосу-баптау жұмыстары 2026 жылы 30 қыркүйекке дейін толық бітуге тиіс. Жоба аяқталғаннан кейін 2-ЖЭО-тің электр қуаты 510 МВт-тан 557 МВт-қа дейін ұлғайып, жылу қуаты сағатына 952 Гкалға дейін жетеді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘСКЕР

# 237 МЫҢ БАЛА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жөнінде жуырда Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде өткен жиында «Ерекше балалар ата-аналары одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рауан Сағадиева мәлімдеді. Комитет төрағасы Асхат Аймағамбетов тізгінін ұстаған бұл жиында «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» заң жобасы талқыланып, осы құжаттың мазмұнына және жалпы инклюзивті білім беруді дамыту мәселелеріне қатысты әртүрлі көзқарастар мен ұсыныстар ортаға салынған болатын.

Жиынды ашқан кезде Асхат Аймағамбетов заң жобасының қоғамда кең пікірталас туғызғанын атап өтті. Ол бұл орайда жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары мен кәсіби стандарттар арасында айтарлықтай алшақтық бар екеніне назар аударды. Депутаттың айтуынша, әсіресе, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істейтін мамандарды даярлау бағдарламаларын жаңарту мәселесі бүгінде өзекті болып отыр.



Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова елімізде 237 мың бала ерекше білім беруді қажет ететіндігін жеткізді. Олардың 193 мыңнан астамы инклюзивті білім беру жүйесінде оқыса, қалған 17 мыңға жуық бала үй жағдайында білім алады екен. Вице-министрдің айтуынша, қолданыстағы жүйеде барлық балаларға тең әрі сапалы білім беруге кедергі келтіретін жүйелі мәселелер бар. Қаралып отырған құжатта оларды шешу жолдары мүмкіндігінше көзделген. Атап айтқанда, жаңа құжатта ерте анықтау және ерте қолдау жүйесін дамыту, әр балаға жеке қолдау жоспарын енгізу, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қызмет көрсететін ұйымдарды лицензиялау қарастырылған. Сонымен қатар, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін кәсіптік білім беру жүйесін дамыту көзделген.

Жоғары білім және ғылым вице-министрі Гүлзат Көбенова да педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру қажеттігін атап өтті. Оның пікірінше, бұл орайда оқу бағдарламаларын жаңартып, практикалық дайындықты күшейту айрықша маңызға ие.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова инклюзивті білім беру саласындағы негізгі мәселе инфрақұрылымда емес, мазмұнда екенін айтты. Ол педагогтардың әдістемелік дайындығы жеткіліксіз екенін ерекше атап өтті.

Жиында ерекше балалардың ата-аналарын біріктіретін ұйым атынан сөз сөйлеген Рауан Сағадиева заң жобасына қатысты бірқатар сын айтты. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер жүйелік мәселелерді шешпейді, сондықтан қарастырылып отырған шаралар қағаз жүзінде қалуы мүмкін. Бұл орайда ол заң жобасындағы негізгі ұсыныстардың бірі – психологиялық-педагогикалық-педагогикалық консультацияларды (ПМПК) жаңа құрылымдармен алмастыруды мысалға келтірді. Оның айтуынша, бір қарағанда, жаңа қадам секілді көрінетін бұл түзетудің қолданыстағы тетіктен еш айырмасы жоқ. Қазақстан заңнамасында қазірдің өзінде «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» ұғымы бекітілген. Яғни, жүйенің негізі

бар. Мәселе – сол нормалардың қалай іске асырылып жатқанында. Егер мазмұн өзгермесе, бұл жаңа атау бюджетке қосымша салмақ түсіріп, өтпелі кезеңде тәуекелдер туғызады. Сөйтіп күткен нәтижеге қол жеткізбейді.

Негізінде бүгінгі жүйенің басты кемшілігі – үздіксіз сүйемелдеудің жоқтығы. Бала бағаланады, бірақ ары қарай жүйе оны «жіберіп қояды». Шын мәнінде, тиімді модельде әр балаға жеке жоспар әзірленіп, бала тұрақты түрде сүйемелденуі керек. Әр кезеңде нәтижеге жауапты субъект болуы қажет. Мысалы, Шотландияда инклюзивті білім дәл осы логикаға негізделген. Яғни, онда жүйе тек диагноз қоюмен шектелмей, баланы үздіксіз қолдайды.

Сағадиева ханым заң жобасында бекіту ұсынылған «мүмкіндігі шектеулі балалар» деген терминге қатысты да сын айтты. Бұл орайда ол бұл ұғымның Қазақстанда екі түрі қолданылып отырғанына назар аударды. Олар: ескі модель – «мүмкіндігі шектеулі», жаңа модель – «ерекше білім беру қажеттіліктері» деген атаулар. Сағадиева ханымның айтуынша, халықаралық тәжірибеде екінші атау қолданылады. Бұл орайда «мүмкіндігі шектеулі» деген ұғым баланы оның шектеулері арқылы сипаттайтыны назарға алынған. Расында мұндай атау стигматизацияны күшейтеді, қоғамдағы стереотиптерді бекітеді, инклюзивті саясат логикасына қайшы келеді. Сондықтан мәселе тек терминде емес – ба-

Негізінде бүгінгі жүйенің басты кемшілігі – үздіксіз сүйемелдеудің жоқтығы. Бала бағаланады, бірақ ары қарай жүйе оны «жіберіп қояды». Шын мәнінде, тиімді модельде әр балаға жеке жоспар әзірленіп, бала тұрақты түрде сүйемелденуі керек. Әр кезеңде нәтижеге жауапты субъект болуы қажет. Мысалы, Шотландияда инклюзивті білім дәл осы логикаға негізделген. Яғни, онда жүйе тек диагноз қоюмен шектелмей, баланы үздіксіз қолдайды.

ланы қалай қабылдайтынымызда. Ал, «мүмкіндігі шектеулі» деген термин осы қабылдауға ықпал етеді.

Заң жобасында айқындалған талаптардың бірі – кешенді қолдауға қатысты да сұрақ көп. Бұған да Сағадиева ханым назар аударды. Оның айтуынша, жаңа құжатта бұл шараның нақты тетіктері жасалмаған. Яғни, қаралып отырған заң жобасында бірінші маршрут, ведомстваралық өзара әрекет алгоритмі, нәтиже үшін жауапты тұлға, ортақ цифрлық жүйе жоқ. Яғни, «кешенділік» қағаз жүзінде қарастырылып отыр. Мұндай жағдайда кез келген жақсы ниет декларация болып қала береді.

Заң жобасында қамтылған лицензиялау мәселесіне қатысты да күмән көп. Бақылауды күшейту – дұрыс қадам болғанымен, осы жерде «біз не нәрсені бақылап отырмыз – құжаттарды ма, әлде баланың нақты жағдайын ба?» деген сұрақ туады. Өйткені, қазіргі жүйе көбіне формальды талаптарды тексереді. Ал шын қауіп – практикада. Осыны айтқан Сағадиева ханым халықаралық стандарттардың баланың қауіпсіздігіне, маманның мінез-құлқына, қолданылатын әдістерге, құқықтардың сақталуына назар аударатынын орынды атап өтті. Бұл орайда лицензиямен қатар сапаны бағалайтын аккредитация жүйесі қажеттігі айқын көрініп тұр.

Токетерін айтқанда, инклюзивті білім беру ісіне формальды жүйелер емес, халықаралық тәжірибеде тиімділігін көрсеткен шаралар қажет. Осы тұрғыда жиында айтылған пікірлер тыңдаушысына жетті деген үміт бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

Қазіргі халықаралық жағдайда қорғаныс саясатының мазмұны кеңейіп, жаңа сипатқа ие болды. Бүгінде ұлттық қауіпсіздік ұғымы тек шекара қорғаумен немесе әскери әлеуетпен шектелмейді. Ол халықаралық тұрақтылыққа қатысу, кәсіби армия қалыптастыру, жаһандық қауіпсіздікке үлес қосу сияқты бағыттармен де сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның бітімгерлік қызметі қорғаныс саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Соңғы жылдары Қазақстанның БҰҰ аясындағы бітімгерлік миссияларға қатысуы ұлттық қорғаныс жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Соның нақты көрінісі ретінде үшінші ұлттық бітімгерлік контингенттің БҰҰ-ның Голан жоталарындағы миссиясына дайындығын атауға болады.

## ҚОРҒАНЫС ҚҰАТЫ ТЕК ТЕХНИКАМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ



Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Асқар Мұстабеков Алматы гарнизонына жұмыс сапары барысында үшінші ұлттық бітімгерлік контингенттің даярлық деңгейін бағалады. Бұл сапар әскери қызметшілердің халықаралық міндеттерді орындауға дайындығын пысықтау тұрғысынан маңызды болды. ҚР Қорғаныс министрілігі Бітімгерлік операциялар орталығының «Бітімгер» оқу-жаттығу орталығында әскери қызметшілерді даярлаудың толық циклі таныстырылды. Дайындық бағдарламасына тактикалық, арнайы, медициналық және тілдік оқыту енгізілген. Сонымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес көпұлтты ортадағы іс-қимылдарға бейімдеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыттағы дайындық әскери қызметшілердің тек кәсіби машығын жетілдіріп қана қоймай, халықаралық миссия жағдайында үйлесімді

әрекет ету қабілетін де күшейтеді. Бітімгерлік даярлықтың ерекшелігі де осында. Мұнда әскери тәртіптен қатар жауапкершілік, жедел шешім қабылдау, шетелдік контингенттермен өзара іс-қимыл және халықаралық талаптарға бейімделу басты назарда. Мұндай дайындық жүйесі қазіргі қорғаныс саясатының мазмұны өзгергенін аңғартады.

Жұмыс сапары барысында генерал-майор Асқар Мұстабеков оқу-материалдық базамен танысып, оқу процесінің ұйымдастырылуын, әскери қызметшілердің жағдайын және жеке құрамды қамтамасыз ету деңгейін тексерді. Сондай-ақ бітімгерлердің заманауи жабдықтары мен БҰҰ миссиясына жіберілетін құрамды қамтамасыз етудің қолданыстағы нормалары көрсетілді. Сапар қорытындысында әскери қызметшілерді даярлау деңгейіне оң баға берілді. Бұл Қазақстанның бітімгерлік әле-

уетін дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі екенін көрсетеді. Үшінші ұлттық контингенттің салтанатты сапқа тұрғызылуы да бұл миссияның маңызын айқындай түсті. Бітімгерлік қызметтің мәні тек халықаралық міндет атқарумен шектелмейді. Бұл ұлттық армияның кәсіби деңгейін арттыруға, жауынгерлік дайындықты шыңдауға және халықаралық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай миссиялар мемлекеттің қорғаныс саласындағы беделі мен жауапкершілігін көрсетеді.

Қазақстанның БҰҰ-ның Голан жоталарындағы бөлінген аймақты бақылау миссиясына 2024 жылдан бастап дербес ұлттық контингент ретінде қатысуы осы тұрғыдан маңызды қадам болды. Бұл Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік жүйесіне қатысушы мемлекет ретіндегі ролін күшейтті.

1974 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан бұл миссияның өз тарихы мен жауапкершілігі бар. Осындай жетілдірілген халықаралық миссияға қатысу үшін жоғары дайындық қажет. Сондықтан үшінші ұлттық бітімгерлік контингентті даярлау жұмыстары қорғаныс саласындағы жауапты әрі стратегиялық бағыт ретінде бағалануға тиіс. Бүгінде қорғаныс қуаты тек әскери техникамен өлшенбейді. Ол кәсіби кадрмен, даярлықпен, тәртіппен және халықаралық міндеттерді орындау қабілетімен өлшенеді. Қазақстандық бітімгерлердің даярлығы осы ұстанымның нақты дәлелі. Егемендікті нығайту мәселесінде мұндай бастамалардың орны ерекше. Себебі халықаралық қауіпсіздікке үлес қосу арқылы мемлекет өз қорғаныс әлеуетін де нығайтады. Бұл ұлттық мүддені қорғаудың заманауи тетіктерінің бірі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БӘРЕКЕЛДІ!

## ОБЛЫС ПАЛУАНЫ ТОП ЖАРДЫ

Қазақ күресінен 2009–2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан чемпионатында Алматы облысының палуандары 1 алтын, 4 қола жүлде жеңіп алды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 750-ге жуық палуан қатысқан болатын. Олар 18 салмақ дәрежесі бойынша 72 медальды өзара сарапқа салды.

Жарыстың алғашқы күні қыздар арасында 44, 56, 70 келідегі, ал ерлер арасында 50, 65, 82 кг салмақтағы палуандар күрескен. Бұл сында Алматы облысының спортшылары жүлдеден сырт қалды. Сол себепті келесі күні кілемге бірінші болып шығып, қыздар арасында Кәусар Мұхтар 48 келі салмақта қарсыласын шақ келтірмей, ел чемпионы атанған кезде бүкіл команда мүшелері ерекше қуанды.

«Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дегендей оның жеңісті жолы өзгелерге жұғысты болған сияқты. Одан кейін кілемге шыққандар арасынан қыздардан 60 келі салмақта Асылжан Оспан, ұлдардан Әлімжан Тойжан 55 келі салмақта, Аян Бақытұлы 70 келі салмақта, Бағжан Қойшыбай 90 келі салмақта Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері атанды. Соның нәтижесінде 17 облыс пен республикалық мәртебесі бар 3 қаладан қатысқан 20 команда арасында Алматы облысы жалпы командалық есепте сегізінші орын алды. Егер спортшылардың жинаған жалпы ұпай санына көз жүгіртетін болсақ ұлдар – 40, қыздар – 65 ұпайға ие болды. Атап айтқанда, қыздар командасы Жамбыл, Қызылорда, Қостанай облыстарын ғана алға озырып төртінші орынды иеленіп отырса, ұлдар командасы сегізінші орында.

«Мен спортпен 2023 жылдан бері айналысам. Биылғы ел чемпионатында ақтық сында қостанайлық Арайлым Бәшірмен белдестім. Тартысты өткен бұл сайыста менің мерейім үстем болды. Ендігі мақсатым ұлттық құрама сапында алдағы Азия және Әлем чемпионатында



жеңісті жолымды жалғастырып, табысты өнер көрсету. Яғни, мемлекеттік Әнұранымызды шырақтатып, Туымызды желбірету», – дейді Алматы облысының құрама командасының қоржынына түскен жалғыз алтын медальдың иесі Кәусар Алмасқызы.

Кәусардың айтуынша, оның спортқа деген қызығушылығын оятқан ең алдымен қазақ күресінен айдандық, облыстық және республикалық жарыстарда топ жарып, «Қазақ барысы» турнирінде жүлдегер атанған әкесі. Сол себепті ата-анасына әкесінің спорттық жолын жалғастырғысы келетінін айтқан кезде олар бастапқы кезде қыздарға арналған өзге спорт түрлерін байқап көрсетіп деп кеңес берген көрінеді. Алайда, алған бетінен қайтпайтынын көрген соң әкесі бапкеріне айналған. Күнделікті жаттығу кезіндегі төгілген тер нәтижесін беріп, бірте-бірте аудандық, қалалық турнирлерде сәтті өнер көрсете бастаған. Қазіргі таңда жаттығуын Қонаев қаласында жалғастырып жүрген ол енді міне аудан, қала, облыс қана емес, күллі республика бойынша өз салмағындағы ең үздік палуан атанып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

**БІЛГЕН ЖӨН**

**2025** жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

**ЗАҢДАҒЫ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР – ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕПІЛІ**



**Сәкен СӘДУАҚАС,  
Шарбақты аудандық сотының төрағасы**

Аталған заң қылмыстық-құқықтық саланы жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мақсатында қабылданды. Заң 16 қыркүйектен бастап күшіне енді.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміне 115-1-бап – «Сталкинг», 125-1-бап – «Неке қиюға мәжбүрлеу», 232-1 – «Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру», яғни дропперлік, 339-1-бап – «Сирек кездесетін, жойылып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктер мен жануарлар түрлерін немесе олардың бөліктері мен дериваттарын заңсыз айналымға енгізу» – деген жаңа баптар енгізілді.

Сталкинг – жәбірленушінің еркіне қайшы байланыс орнатуға және аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен байланысы жоқ, бірақ елеулі зиян келтірген әрекеттер. Бұл қылмыстың жазасы – 200 АЕК-ке дейінгі айыппұл немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс немесе 50 тәулікке дейін қамау болып белгіленді.

Ендеше, әлдебір адамның ізіне түсіп, тынымсыз мазалап, телефон шалып, тіпті ол қаламаған сыйлықтар жіберіп, қорқытып-үркітіп, соның ішінде галамтор арқылы да мазалай берсеңіз, сөзсіз жауапқа тартыласыз деген сөз.

Жаңарған заңның бір бабы некеге мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеп отыр.

125-1-бап – некеге мәжбүрлеу: қорқыту, шантаж немесе қысым көрсету арқылы неке қиюға мәжбүрлеудің жазасы – 2 000 АЕК-ке дейінгі айыппұл немесе 2 жылға дейін бостандығын шектеу не айыру; ауырлататын мән-жайлар (кәмелетке толмағанға қатысты, қызметтік өкілеттікті пайдалану, топпен жасау және т.б.) болса, жазасы – 5 000 АЕК-ке дейінгі айыппұл немесе 3-7 жылға дейін бостандығын шектеу не айыру; егер мұндай әрекеттердің салдарынан абайсызда ауыр

зардаптар келсе, оның жазасы – 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін барады.

Банктік карталар мен шоттарды өзге тұлғаларға заңсыз беру дропперлік деп аталады. Жаңарған заңда бұл қылмыс үшін жауапкершілік қарастырылған. 232-1-бабы «Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру». Аталған бап 7 бөліктен тұрады.

Жаза өте кен: Бұл қылмыстың түрлі ауырлататын мән-жайларына байланысты айыппұл – 160 АЕК-тен 5 мың АЕК-ке дейінгі аралықта салынады немесе ең қарапайым жағдайда 50 тәулікке дейін қамауға алынудан бастап, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруға немесе бас бостандығын шектеуге дейін жаза көзделген. Мұндай жағдайда қылмыс жасаған тұлғаның мүлкі міндетті түрде тәркіленеді. Осы бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Жаңа заңнамада елімізде сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғауға қатысты да маңызды өзгеріс бар. Бұрын Қылмыстық кодекстің 339-бабында – киікті заңсыз ату да, оның мүйізін сақтау, сату да бір баппен қамтылатын. Енді заң оларды бөліп берді. Яғни, 339-бап тікелей заңсыз аулау, ату, браконьерлікке қатысты болса, 339-1-бап аясында сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді сақтау, сатып алу, сату, тасымалдау секілді қосалқы әрекеттер қарастырылады.

Бұл жерде маңызды ерекшелік бар: 339-1-бап бойынша экологиялық залал есеітелмейді. Залал тек 339-бап аясында, яғни браконьерлік кезінде қолданылады. Сондықтан бұрын қосалқы әрекеттер үшін сотталған адамдардың ісі қайта сараланып, олар жазадан және ең бастысы, экологиялық залалды өтеуден босатылады. Бұл өзгеріс әділдік үшін жасалып отыр: негізгі қылмыскер – аңды атқан адам, ал өнімді сатып алған немесе сақтаған қосымша әрекет қана.

Заңдағы жаңа өзгерістер шынымен де өміріміздің әр саласында өрнегін көрсеткелі тұр. Қазір жастар арасында дропперлік әрекеттер оңай табыстың көзі ретінде өте танымал. Сондай-ақ еліміздің оңтүстігінде, әсіресе ауылдық жерде жас қыздар мен әйелдерге дәстүрлі қысым көрсету, некеге тұруға мәжбүрлеу формалары әлі де кездеседі. Күшіне енген заң аталған қылмыстарға қарсы қатаң жауапкершілікті қарастырады. Жаңа заңнаманың талаптарын білу, оны бұлжытпай орындау – қоғамдық жауапкершіліктің кепілі.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

**РУХАНИЯТ**

**«АЛТЫН БЕСІК АҚТӨБЕДЕН – ҰЛЫ АБАЙҒА ҚҰРМЕТ»**

Семей қаласында Ақтөбе облысының мәдениет күндері өтуде. Шара аясында Семейдегі Абай атындағы театрда «Алтын бесік Ақтөбеден – Ұлы Абайға құрмет» атты концерттік бағдарлама ұсынылды.



Гала-концерт алдында екі аймақтың басшылары құттықтау сөз сөйледі.

«Ақтөбе өңірі мен Абай облысын байланыстыратын тарихи оқиғалар мен рухани байланыс көп. Ақтөбенің Абай облысындағы мәдени күндері – ұлы даланың қос кнырын жайлаған екі өңірдің терең тамырластығы мен

бауырластығын айғақтайтын мәдениет мерекесі. Ақтөбе мен Абай – еліміздің өнерге құштар, білімге інкәр екі өлкесі, тарихи байланысы ежелден тығыз өңірлер. Бүгін өңірімізге үлкен делегациямен өнер жұлдыздары, зиялы қауым өкілдері арнайы келіп отыр. Бұл өңіраралық рухани-мәдени байланыстарды нығайтып, біздерді

бауырластыра, жақындастыра түседі деп ойлаймыз. Сонымен қатар, кадрлі қонақтарымыз бүгін Мемлекет басшысының бастауымен, Үкіметтің арнайы қаулысымен жүзеге асып отырған «Абайға құрмет» акциясы аясында Жекпе-жек сарайының іргесін қалап, ерекше қуанып отырмыз. Аумағы 7000 шаршы метр болатын спорт кешені 900 көрерменді бір мезетте қабылдай алады. Өңірімізде үлкен халықаралық жарыстарды өткізуге мүмкіндік беретін бірегей нысан болмақ. Бұл аумақта 9 мектеп бар. Яғни, осы қышам аудандағы балалардың спортпен айналысуына Ақтөбе облысы үлкен мүмкіндік туғызатын болады», – деді аймақ басшысы Берік Уәли.

Гала-концерт алдында жұртшылық Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Ақтөбе өңірінің тарихи мұралары» тақырыптық көрмесін тамашалады. Көрмеге Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорынан 300-ге жуық құнды жәдігер қойылды. Келушілерге Ақтөбе облысындағы халық сәулетінің алуан түрлі үлгілері, Ақтөбе облысында жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектері таныстырылды. Көрме аясында облыс әкімі Берік Уәли қонақтарға Семейде жаңадан салынатын әкімшілік іскерлік аймақтың жобасын таныстырды.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ**

**МЕДИАЦИЯ**

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде жанжалдарды шешудің Көптеген мәселелерді шешудің ең тиімді жолы болып табылады. Адамгершілік, демократиялық сипаттағы мұндай құқықтық институттар ерекше бағаланады. Бұл медиация институты. Бұл институт қазақстандық заң ғылымында қазақ әдет-ғұрып құқығының және би институтының болуы мен дамуының нәтижесі ретінде ұсынылады. Медиация – Қазақстан үшін жаңарған институт. Оны одан әрі дамыту үшін көшпелі қоғамның тәжірибесін, принциптерін, идеяларын, құндылықтарын пайдалануға болады.

**БІТІМГЕ ШАҚЫРАТЫН БЕЙТАРАП АЛАҢ**

Медиация ең алдымен дауды тараптардың дербес шешу мүмкіндігі. ХХІ ғасыр – ақпараттық ғасыр, заманауи технологиялардың арқасында ақпарат өте тез, кейде бірден жеткізіледі. Медиацияның міндеті – дауларды бейбіт жолмен реттеуге жетелеу. Жоғарыда айтылғандай, дауды шешуге тараптардың өздері тікелей келеді. Дауды медиация тәртібімен реттеу келіссөздер процесіне негізделген. Медиация – бейтарап алаң және медиация рәсімін жүргізу кезінде медиатор белгіленген ережелер бойынша жұмыс істейді. Бұл дауларды заңды түрде қарауға балама.

немесе апелляциялық сатыда да қолданылуы мүмкін. Медиация тараптардың келісімімен ғана жүргізіледі. Медиатор дауға қатысушылардың ешқайсысына бұра тартпайды және істің нәтижесіне жеке мүдделілігі жоқ. Медиация барысында алынған ақпарат жария етілмейді. Медиация процесінде екі тараптың да тең құқықтары мен мүмкіндіктері бар. Тараптарға медиацияның барысы мен нәтижелері туралы хабардар етіледі.

Соттағы медиация – бұл сот талқылауындағы тараптар арасындағы келісімге қол жеткізуге бағытталған тәуелсіз делдалдың (медиатордың) қатысуымен дауды реттеу рәсімі. Медиация сот процесінің әртүрлі кезеңдерінде – оның басталуына дейін де, сот талқылауы барысында да

Медиация рәсімі сәтті аяқталған жағдайда тараптар медиативтік келісім жасасады. Егер медиативтік келісімді сот бекітсе, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

Соттағы медиацияның артықшылықтары – уақыт пен шығынды үнемдеу. Медиация сот ісін жүргізуге қарағанда тезірек және арзанырақ процедура. Медиация тараптарға дауды шектен шықпай-ақ іскерлік немесе жеке қатынастарды сақтауға



**Гүлнұр ТЛЕУДИНОВА,  
Риддер қалалық сотының судьясы**

мүмкіндік береді. Медиация екі тараптың мүдделерін қанағаттандыратын шешім табуға бағытталған.

Медиацияны табысты қолдану – соттарда қаралатын істер санын қысқартуға мүмкіндік береді. Қазақстанда медиация «Медиация туралы» заңмен реттеледі. Егер сот заңға қайшы келсе, үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзса немесе орындалмаса, сот медиативтік келісімді бекітуден бас тартуы мүмкін.

Медиация тараптарға өзара тиімді шешім табуға және ұзаққа созылған сот процестерінен аулақ болуға мүмкіндік беретін дауларды шешудің тиімді құралы.

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ**

**ПӘРМЕН**

**БЕРЕШЕГІ КӨП БОРЫШКЕРДІҢ КӨЛІК ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ШЕКТЕЛЕДІ**

ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 34-бабына сәйкес сот орындаушысы борышкердің арнайы құқықтарының қолданылуын уақытша тоқтата тұру туралы қаулы шығаруға құқылы.



**Динара ЕШМАТОВА,  
Железин аудандық соты  
әкімшісінің басшысы**

Мұндай арнайы құқықтарға, соның ішінде, көлік құралдарын басқару құқығы жатады. Аталған шара борышкер алимент төлеуден жалтарған, қарызды өндіріп алу туралы сот шешімдерін орындамаған, атқарушылық құжаттың өзге де талаптарын орындамаған кезде қолданылады.

Бұл шара мәжбүрлеп орындатудың өзге де шаралары нәтиже бермеген жағдайларда қолданылады.

Сот орындаушысы көлік құралдарын басқару құқығын тоқтата тұру туралы ұсыныспен сотқа жүгінуге құқылы. Ұсыныс ҚР Азаматтық процесі кодексіне белгіленген тәртіппен сотқа қаралады. Сот тәжірибесін талдау көрсеткендей, көлік құралдарын басқару құқығын уақытша тоқтата

тұру туралы жеке сот орындаушыларының ұсыныстары соттарда жиі қаралады, әсіресе алимент өндіру және кредиттік міндеттемелер бойынша берешекті өндіріп алуға байланысты атқарушылық өндірістерде. Мәселен, жеке сот орындаушысының ұсынысын қарау барысында сот осындай бір борышкер азаматқа қатысты алимент бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу қозғалғанын анықтады.

Борышкер ұзақ уақыт бойы атқарушылық құжат талаптарын орындамаған, берешекті өтеу бойынша шаралар қабылдамаған және сот актісін орындаудан жалтарған. Көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, сот көлік құралдарын басқару құқығын тоқтата тұру түріндегі мәжбүрлеп орындату шарасын қолдануға негіз бар деген қорытындыға келді. Жеке сот орындаушысының ұсынысы қанағаттандырылды. Сот актісі заңды күшіне енді және орындау үшін уәкілетті органға жолданды.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**

**НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!**

Батыс Қазақстан облысында полиция қызметкерлері ҰҚКД және облыс прокуратурасымен бірлесіп, ұзақ уақыт бойы күшті әсер ететін дәрілік препараттарды заңсыз таратумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топтың жолын кесті. Аталған топ өз әрекетін заңды фармацевтикалық қызмет ретінде көрсетіп, жасырын түрде заңсыз сауда жүргізген. Олар арқылы психоактивті, тәуелділік тудыратын және есендірететін дәрілер өңір аумағында кеңінен таратылған. Бұл құбылыс жастар арасында таралған «дәріханалық нашақорлықтың» бір түріне айналған. Негізгі тұтынушылар – 18-25 жас аралығындағы жастар. Олардың арасында бұрын сотталғандар да, есепте тұрғандар да, сондай-ақ алғаш рет осындай заттарды қолданғандар да бар.

Жүргізілген жедел-тергеу шаралары нәтижесінде қылмыстық схема толық тоқтатылды. Заңсыз айналымнан ірі көлемдегі дәрілік препараттар, есірткі заттары, оқ-дәрілер және қомақты ақша тәркіленді. Сонымен қатар тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру деректері анықталды. Жалпы, 11 күдікті анықталды. Оның ішінде ұйымдасқан топтың 6 негізгі мүшесі қамауға алынды. Алдын ала мәлімет бойынша, қылмыстық топтың айналымы шамамен 1 млрд теңгені құраған. Қылмыстық жолмен алынған мүлікке, оның ішінде жылжымайтын нысандар мен қымбат автокөліктерге тыйым салынды.

**А.МӘУЛЕНБАЙ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

СУХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

2026 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 198,3 млрд теңгені немесе 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 136,1% құрады.

– *Өзіңіз атап өткен экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі саналатын құрылыс саласында өңір отандық материалдармен қаншалықты қамтамасыз етілген?*

– Бүгінде облыс кірпіш, кийршық, тас-күм қоспалары, табиғи құм, гипс-сокартон парактары, металл-пластик бұйымдары мен металл конструкцияларының жекелеген түрлері бойынша құрылыс материалдарымен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген.

2026 жылдың қаңтар-наурызында құрылыс жұмыстарының көлемі 52,7 млрд теңгені немесе 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 110,7 пайызды құрады. Жалпы өңірдегі құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде.

– *Құрылыс туралы сөз болған кезде ең алдымен тұрғын үйлердің жағдайы қаперде тұрады. Оларды пайдалануға беру жағдайы қалай?*

– Қоғамның әлеуметтік және эко-



**Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,**

Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы:

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – АЙМАҚТЫҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫНЫҢ БІРІ

Облыста тұрғын үй құрылысы саласына әлеуметтік әл-ауқаттың негізгі шарты ретінде ерекше мән беріледі. Қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысына игерілген қаражаттың үлесі – 3,5% құрады. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көзі құрылыс салушылардың меншікті қаражаты болып табылады, олардың үлес салмағы – 100% құрады.

номикалық даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі тұрғын үй жағдайы болып табылады. Облыста тұрғын үй құрылысы саласына әлеуметтік әл-ауқаттың негізгі шарты ретінде ерекше мән беріледі. Қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысына игерілген қаражаттың үлесі – 3,5% құрады. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көзі құрылыс салушылардың меншікті қаражаты болып табылады, олардың үлес салмағы – 100% құрады.

Қаңтар-наурызда пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы көлемі 0,2 пайызға өсіп, 269 мың шаршы метрді құрады. Оның 103,8 шаршы метрі көпкөпестерлі тұрғын үйлер, 165,2 шаршы метрі жеке тұрғын үйлер. Осының арқасында тұрғын үйге мұқтаждар саны азайып келеді.

– *Өндіріс туралы айтылған кезде Алматы облысының басымдығы ретінде ауыл шаруашылығы саласы аталатыны ешкімге жасырын емес. Ондағы өсім қандай?*

– Иә. Ауыл шаруашылығы – Алматы облысының басты артықшылығының бірі болып табылады. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы қаңтар-наурызда 123,6 млрд теңгені немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 101,9% өсімді көрсетті. Ал облыстың республикадағы үлесі 13,8 пайызды құрайды.

Ауыл шаруашылығында 121,9 млрд теңге өнім өндірілді. Оның ішінде: мал шаруашылығында 111,9 млрд теңге, өсімдік шаруашылығында 9,9 млрд теңге, 1 сәуірдегі жағдай бойынша өңір республикада қой мен ешкі саны (2 970,4 мың) бойынша үшінші, ірі қара саны (673,4 мың) бойынша төртінші орында.

Облыс республикада шарап, жеміс-көкөніс шырындары, темекі өнім-

дері, ірі қара мал терісінен жасалған былғары, гофрленген картоннан жасалған ыдыстар өндіру бойынша үстем жағдайға ие.

– *Өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің басым бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі екенін де ерекше атап өткен жөн шығар?*

– Қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 685,5 млрд теңгені құрап, өнеркәсіп өндірісінің индексі – 117,8% пайызды көрсетіп, оның республикадағы үлесі 4,5 пайызды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің 80,2 пайызы өңдеу өнеркәсібіне, 8,8 пайызы электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен жабдықтауға тиесілі. Облыс халқының электрмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда 10 жел және 6 күн электр станциясы жұмыс істейді. Биылғы қаңтар-наурызда жел және күн электр станциялары 166,7 млн кВт электр энергиясын өндірді.

Өндірісте өнеркәсіптің тамақ өнімдері, темекі өнімдері, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика, электр энергиясын өндіру және тағы басқа да салалары бар. Тамақ өңдеу өнеркәсібінде «Coca Cola», «Эфес Қарағанды», «Хамле», «Адал», «ФудМастер», «Данон», «RG Brands Kazakhstan», «Голд Продукт» сияқты әлемдік танымал брендтердің өнімдерін шығаратын бірқатар ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаммен 685534,1 млн теңгені құрады. Ондағы өсім 2025 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 17,8 пайызға артты. Оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 52,7 пайыз, өңдеу өнеркәсібінде 20,1 пайыз, электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда – 5 пайыз және сумен жабдықтауда, қалдықтарды жи-

науда, өңдеуде және жоюда, ластануды жою жөніндегі қызметте 7,9 пайыз өсу белгіленді.

– *Сауда статистикасында өзгерістер қандай?*

– Сауда – Алматы облысының экономикалық қызметінің бірден-бір ірі саласы. Оның дамуы – экономиканың табысты жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі. Алдын ала деректер бойынша 2026 жылғы қаңтар-ақпанда Алматы облысының ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен өзара сауда айналымының көлемі 188,8 млн АҚШ долларын құрады. Оның ішінде импорттың үлесі 58%, экспорттың үлесі 42%. Республика бойынша Алматы облысының үлесі импорттың жалпы көлемінде 3,4 пайыз, экспортта 6,3 пайызды құрайды. Экспорттағы негізгі серіктес елдер Ресей (50,8%), Қырғызстан (40,9%) және Армения (6,3%) болып отыр. Экспорттағы ең көп үлесті дайын азық-түлік өнімдері – 65,3 пайызды, машиналар, жабдықтар мен көліктер – 11,1 пайызды, химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері 9,4 пайызды алады.

Алматы облысындағы тауарлардың ең көп бөлігі Ресейден импортталды. Қаңтар-ақпанда импорттың үлесі Ресейден – 90,9 пайызды, Беларусьтен – 5,7 пайызды, Қырғызстаннан – 2,5 пайызды құрайды. Импорт құрылымында дайын азық-түлік өнімдері – 38,9 пайыз, минералдық өнімдер – 18,9 пайыз, химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері 17 пайыз болды.

– *Сұхбатымызды өндіріс пен қызметті өрге сүйрейтін заңды тұлғалардың санымен түйінде-сек. Байқауымыз Алматы облысы бұл көрсеткіш жағынан да көңіл қуантарлықтай өсімге қол жеткізген сияқты?*

– Оныңыз рас. Тірделген заңды тұлғалар саны 1 сәуірдегі жағдай бойынша 22378 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,1 пайызға көбейді. Оның 21878-де 100 адамға дейін қызметкер бар.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны биыл 18328 бірлікті құрады, оның ішінде шағын кәсіпорындар саны – 17831. Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар (заңды тұлғалар) саны 19219 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 6,2% көбейді.

– *Сұхбатыңызға рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МЕЖЕ

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ – МАҢЫЗДЫ САЛА

Мемлекеттік сатып алу түсінігі баршаға жақсы таныс. Бұл процесс өркениетті елдерде ашықтық пен әділ бәсекелестікті арттырудың тиімді құралы, сыбайлас жемқорлық пен бюрократияны жоюдың пәрменді тетігі ретінде өзін елдеқашан ақтаған.

Қазақстан Республикасында да мемлекеттік сатып алу процесі орнықты қолданылып келеді. Яғни, мемлекеттік сатып алу – мемлекеттік органның тауарды немесе қызметті сипаттамасы мен қаржы көлемін көрсете отырып өнім берушілерден сатып алу рәсімі. Құқықтық мемлекетте бұл үрдістің міндетті түрде келісімшарт арқылы жүргізілетіні түсінікті. Ал келісімшарт жасалған соң тараптар арасында туындаған келіспеушіліктер мен даулар заң аясында шешіледі. Бүгінде бұл бағытта соттың бірінші тәжірибесі қалыптасқан.

Мемлекеттік сатып алуға қатысты дауларды реттеуде бағдар болар заңдардың реті белгілі. Мұндай істерді таразы басына салғанда сот ең алдымен «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын басшылыққа алады. Сондай-ақ істерге Азаматтық кодекстің, Азаматтық процесстік кодекстің, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңы мен өзге де нормативтік актілердің талаптарына сүйене отырып нүкте қойылады.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзылуына байланысты орын алған даулар азаматтық тәртіпте мамандандырылған экономикалық соттарда қаралады. Сот тәжірибесінен байқап отырғанымыздай, мемлекеттік сатып алу саласындағы даулардың туындауына түрткі болатын себеп әртүрлі. Ең алдымен заңнама талаптарының сақталмауына, конкурстық құжаттаманың дұрыс толтырылмауына және тараптардың міндеттемелерді орындамауына байланысты дау туындайды. Сондықтан, әрбір мемлекеттік тендерге қатысты талаптар нақты көрсетіліп, тауарлар мен қызметтердің қандай болуы керектігі жан-жақты айқындалуы керек. Талаптардың екіштылығы, айқын болмауы негізсіз даулардың орын алуына алып келеді. Сонымен бірге екіжақты келісімшартта да барлық кезеңдерде атқарылған жұмыстар реті мен тауардың сипаттамасы көрініс тауып, келісілгені жөн.

Бұған қоса, өзінің жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілгеніне наразы өнім берушілерден де жиі шағым түседі. Бұл ең жиі кездесетін даулы жағдайдың бірі. Тапсырыс берушінің



өнім берушіні шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізуді сұрап талап-арыз беретін кезі көп. Ал бұл тізімге ендік белгілі бір құқықтық заңдық салдары бар. Сондықтан өнім берушілер өзіне жүктелген істі сапалы орындап, өзіне алған жауаптылыққа сергек қарағаны жөн.

Конкурстық құжаттама мен өтінімдердегі қателіктер де шағымдануға негіз болады. Сондай-ақ шарттық міндеттемелерді орындамау, өнім берушінің тауарды, жұмысты немесе қызметті уақытылы бермеуі немесе сапасыз орындауы, ал тапсырыс берушінің ақы төлеуді кешіктіруі дау санын арттырады.

Мемлекеттік сатып алуға қатысты дауларды қарағанда сот Азаматтық кодекстің 359-бабын басшылыққа алып және Азаматтық процесстік кодекстің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып саралайды. Басты ұстаным – мемлекеттік тапсырыс та сапалы, дер кезінде, талапқа сай орындалуы керек, мемлекеттік тапсырысқа қатысқан өнім берушілер де құзырлы органдар қызметкерлерінің білімінің төмендігі, құжатқа салғырт қарауы, келісімшарттан тыс берілген жауаптылығы салдарынан жапа шекпеуі тиіс.

Ермек ЕҒЕУБЕКОВ,  
Алматы облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының төрағасы

КӘСІБІҢ - НӘСІБІҢ

## ДИСТРИБЬЮТОРДАН ЖЕКЕ ӨНДІРІСКЕ ДЕЙІН

Алматы облысы Қарасай ауданы Ұмтыл ауылдық округінде-Агі қоюлатылған өнім, қаймақ өнімі және сүзбе өнімі сияқты бірнеше түрін шығаратын «SOZO» ЖШС-нің өндіріс жолы бірден басталған жоқ. Бастапқыда компания тамақ өнімдерінің дистрибуциясымен айналысты, бірақ уақыт өте келе жеке өндірісті дамыту қажеттілігі туындады. Осылайша, 2022 жылдың қаңтар айында өндіріс іске қосылды. Негізін қалаушы – Ринат Қалидолдин.

Өндірістің қалыптасуы күрделі кезеңге түспа-түс келді. Іске қосылғаннан кейін көп ұзамай 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасы» орын алып, кәсіпорын жұмысы уақытша тоқтатылды. Содан кейін Украинадағы қақтығысқа байланысты жаһандық өзгерістер басталып, бұл валюта бағамы мен шикізат құнына әсер етті. Ең ауыр сынақтардың бірі 2022 жылдың жазындағы қант ташпылығы болды, өйткені ол өнімнің негізгі ингредиенті еді. Сол уақытта өнімді қажетті көлемде сатып алу өте қиынға соқты. Дегенмен, барлық қиындықтарға қарамастан, жұмысты тұрақтандырып, өндіріс көлемін қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Компания қазірдің өзінде экспортты жүзеге асыруда, бірақ оның көлемі валюта бағамының ауытқуына тікелей байланысты. Негізгі жеткізу бағыттары – Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан. Бұл елдерде «SOZO» брендімен шығатын өнімдерге тұрақты сұраныс бар. «Біз ас-

сортиментті біртіндеп кеңейтіп, көлемді ұлғайтып жатырмыз. Маржаның салыстырмалы түрде төмендігіне қарамастан, тамақ өнімдері нарығы тұрақты әрі сұранысқа ие болып қала беретінін түсінеміз», – дейді Ринат Маратұлы.

Оның айтуынша, компания өзінің өсу жолында «Даму» қорынан қолдау тауып, бұл бизнестің позициясын нығайтуға мүмкіндік берді. 2025 жылдың соңына қарай компания «Өрлеу» жеңілдікпен несие беру бағдарламасы аясында дамуын жалғастырды. «Forte Bank» АҚ арқылы 12,6 пайызбен қаржы тартылып, ол қызметті кеңейтуге және өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталды. «SOZO» ЖШС-нің ендігі жоспары – сатып алынған өндірістік алаңдарды кезең-кезеңімен қайта жанарту, жаңа жабдықтар сатып алу және өнім түрлерін одан әрі көбейту.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

# МҰНАЙДАН МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІНЕ БЕТБҰРЫС

Еліміздің батыс қақпасы саналатын Маңғыстау өңірі соңғы жылдары дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Осы жылдың 15 сәуір күні ұйымдастырылған есептік кездесуде Маңғыстау облысының әкімі **Нұрдаулет ҚИЛЫБАЙ** 2025 жылдың қорытындыларын саралап, алдағы кезеңнің негізгі басымдықтарын айқындады. Қоғамдық кеңес мүшелері, депутаттар мен бөлсенді жұртшылық өкілдері қатысқан жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жан-жақты талқыланып, нақты нәтижелер мен жаңа міндеттер ашық айтылды.

## Өсім бар, бірақ тәуелділік әлі де сезіледі

Былтыр Маңғыстау үшін бірқатар көрсеткіштер бойынша табысын молайтқан берекелі жыл болды. Әсіресе, өнеркәсіп өндірісі, инвестициялар көлемі, құрылыс қарқыны мен көлік және сауда салалары толайым табысқа жетіп, тұрақты өсім көрсеткен. Бұл – өңір экономикасының әлеуеті жоғары екенін айғақтай түседі. Алайда облыс әкімі атап өткендей, бұл өсімнің едәуір бөлігі әлі де мұнай-газ және тау-кен секторларына тәуелді болып тұр.

Өкінішке қарай дәл осы тәуелділік – өңірдің басты сын-қатері. Себебі, шикізат бағасының әлемдік нарықтағы құбылмалылығы аймақ экономикасына тікелей әсер етеді. Сондықтан Маңғыстау үшін экономиканы әртараптандыру – жай ұран емес, стратегиялық міндетке айналған. Аталған бағытта барынша үздіксіз жұмыстар жүйелі түрде атқарылып та келеді.

Мәселен, облыс әкімдігінің мәліметтеріне жүгінсек 2026–2032 жылдар аралығында өңірде 73 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Нәтижесінде шамамен 11 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Бұл – тек сандық көрсеткіш емес, әр отбасының тұрмыс сапасына әсер ететін нақты қадам.

– Басты бағыттардың бірі – Маңғыстауды халықаралық көлік-логистикалық хабқа айналдыру. Географиялық орналасуы жағынан Каспий теңізі арқылы өтетін маңызды тран-

маньзды жобалар іске асырылу-да.

Аймақ халқының жағдайына елеулі киындық тудырған ең өзекті мәселелердің бірі – ауыз су тапшылығы. Өңірде су ресурстарының шектеулілігі ұзақ жылдар бойы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселе болып келгені белгілі. Қазір бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп, жаңа инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып келеді. Энергетика саласын жаңғырту да назардан тыс қалмаған. Өйткені, электр қуатының тұрақтылығы – өндірістің де, халық тұрмысының да негізі. Сонымен бірге білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестициялар тартылып, әлеуметтік нысандар да кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр.



зиттік дәлелдердің торабында орналасқан өңір үшін бұл бағыттың маңызы аса зор. Көлік инфрақұрылымын дамыту, порттық қуаттарды кеңейту және сауда байланыстарын күшейту – болашақ экономиканың да аса маңызды тірегі болмақ, – дейді Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті қолдау да күн тәртібінен түспейді. Кәсіпкерлік – жаңа жұмыс орындарының, инновацияның және бәсекелестіктің негізгі көзі. Осы бағыттағы жүйелі қолдау өңір экономикасының құрылымын өзгертуге де оң ықпал етеді.

## Инфрақұрылым: Өмір сапасының өлшемі

Экономикалық өсімнің түпкі мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту екені рас. Бұл тұрғыда Маңғыстауда бірқатар



Маңғыстау тек мұнаймен ғана емес, табиғи және мәдени әлеуетімен де ерекшеленеді. Осыны ескере отырып, өңірде жаңа экономикалық кластерлерді де қалыптастыру көзделіп отыр.

Соның бірі – туризм. Әсіресе, күн нұрына шағылысып, күмістей жалтыраған Каспий теңізінің ақ бұйра толқындары мен әсем жағалауын көруді армандайтын халықтың қарасы көп. Бұдан бөлек тарихи орындары мен ерекше табиғи

ландшафттар өңірді ішкі және халықаралық туризм үшін де тартымды етеді. Сондай-ақ көпке таңсық болып көрінетін балық шаруашылығы, түйе шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп салаларында да жаңа даму драйверлеріне айналу мүмкіндігі жоғары.

– Қазіргі уақытта жоғарыда аталған туристік кластерлерді тиімді түрде ұйымдастырып, өңірдің экономикасының өрлеуіне зор мүмкіндіктер беріліп отыр. Бұл бағыттар ауылдық жерлердегі халықтың табысын арттырып қана қоймай, екі қолға бір күрек таппай сенделген жұмыссыздар армиясының қатарын азайтып, ең бастысы экономиканың теңгерімді дамуына жол ашпақ, – деп атап өтті Нұрдаулет Қиыбай.

Өңірдің ішкі тұрақтылығы мен дамуының маңызды тетіктерінің бірі – тиімді басқару мен қоғаммен кері байланыс жасау екені даусыз. Бұл орайда жергілікті атқарушы билікпен қатар халықтың мұң-мұқтажын бірінші кезекте биліктің құлағына жеткізер депутаттардың үлесі басым. Мәселен, тек өткен жылдың өзінде облыстық мәслихат 6 мәрте сессия өткізіп, өңір дамуы үшін аса маңызды жоғары 99 шешім қабылдаған. Халықпен тікелей жүзбе-жүз байланыстың арқасында тиісті шешім қабылдауды қажет ететін 147 депутаттық сауал жолданып, тұрғындар-

дың өзекті мәселелері іс жүзінде назарға алынған.

Аймақтың қоғамдық кеңесі де қарап қалмапты. Жыл бойы өткізілген 19 отырыс барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол сапасы, экология, денсаулық сақтау және бюджет саясаты сияқты келелі мәселелер сын таразысына түскен. Бұл – билік пен халық арасындағы диалогтың нақты көрінісі.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН СЕРІКТЕСТІК

Маңғыстау өңірі соңғы жылдары тек өндірістік әлеуетімен ғана емес, білім мен инновацияны ұштастырған бастамаларымен де ерекшеленіп келеді. Соның айқын дәлелі – Ақтау қаласында өткен «MEC ENERGY CONNECT» халықаралық тағылымдамасы аясындағы ауқымды панельдік сессия мен «Tech Horizons: болашаққа көзқарас» кәсіби көрмесі болды.

Бұл іс-шара өңірдің энергетика саласындағы адами капиталды дамытуға, жергілікті ғалымдар мен сала мамандарының халықаралық өкілдермен тәжірибе алмасуына сонымен қатар заманауи инженерлік инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған маңызды қадам болды.

Ақтауда өткен панельдік сессия Қазақстан мен Франция арасындағы білім беру әріптестігінің жаңа кезеңін айқындап берді. Бұл бір жағынан шетелдік тәжірибелер арқылы елдің энергетика саласын дамытуға оң ықпалын тигізетін игі іс болғаны анық.

Франциядан келген Raspaill энергетикалық мамандар даярлайтын жоғары мектебінің делегациясы мен қазақстандық оқу орындары арасындағы диалог – тек тәжірибе алмасу ғана емес, нақты нәтижеге бағытталған серіктестік екені рас. Мұндай байланыстар отандық колледждер мен техникалық оқу орындарының оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев энергетика саласындағы тың жаңалықтар, экономиканың да өрлеуіне негіз болмақ деді.

– Бүгінгі энергетика – тек экономиканың қозғаушы күші емес, сонымен қатар үздіксіз инновацияны талап ететін стратегиялық сала. Демек, бұл саладағы мамандарды даярлау жүйесі де заман талабына сай жаңғырып отыруы тиіс, – деп атап өтті Аббат Өрісбаев.

Панельдік сессия барысында «Маңғыстау өңірлік электро-тораптық компаниясы» акционерлік қоғамы, «Ақтау электр жеткізгіш басқармасы» коммуналдық кәсіпорны, «Маңғыстау-энерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары мен «Мұнай-телеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері сөз сөйлеп, сала мамандарына қойылатын қазіргі талаптарды нақтылады. Олар теориялық біліммен қатар практикалық дағдылардың, цифрлық сауаттылықтың және инновациялық ойлаудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Бұл – бүгінгі еңбек нарығының басты талабы. Өңірде іске асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобалар мен өндірістік нысандар жоғары білікті, заманауи технологияларды меңгерген мамандарды қажет етеді, – деп атап өтті кәсіпорын басшылары.

Халықаралық серіктестіктің нақты көрінісі – академиялық ұтқырлық бағдарламалары екені сөзсіз. Бүгінде Маңғыстау энергетикалық колледжінде Франциядан келген студенттер де білім алуда. Алдағы уақытта қазақстандық студенттердің Францияның оқу орындарында тәжірибеден өтуі жоспарланып отыр.

Бұл бастама Erasmus+ еуропалық білім беру бағдарламасы аясында жүзеге аспақ. Мұндай алмасулар студенттердің кәсіби көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына жол ашпақ.



Қос елдің энергетика саласындағы әріптестік байланыстың маңызы зор екенін облыстық білім басқармасының басшысы Амантай Құмбаев та өз сөзінде атап өтті.

– Бұл – екі ел арасындағы өзара сенімге негізделген ұзақмерзімді серіктестіктің бастауы. Болашақта қазақстандық студенттердің шетелде тәжірибеден өтіп, халықаралық сертификаттарға ие болуы – отандық білім сапасының жаңа деңгейге көтерілгенінің көрсеткіші болмақ, – деді Амантай Құмбаев.

Іс-шара аясында өткен «Tech Horizons: болашаққа көзқарас» көрмесі – жастардың ғылыми-техникалық әлеуетін көрсеткен бірегей алаң болды. Мұнда мектеп оқушылары мен студенттер энергетика саласындағы тың жобаларын ұсынып, заманауи технологиялардың мүмкіндігін паш етті.

Әсіресе робот-иттің таныстырылымы көпшілік назарын бірден аударды. Бұл – робототехника мен жасанды интеллекттің энергетика және инженерлік инфрақұрылым салаларына кеңінен еніп келе жатқанын айқын көрсетеді. Жалпы, бүгінде цифрландыру – тек тренд емес, өндіріс тиімділігін арттырудың негізгі құралына айналды десек артық айтпаспыз. Энергетика саласында smart-технологиялар, автоматтандыру және деректерді талдау жүйелері кеңінен қолданылуда. Демек, болашақ мамандар дәл осы бағыттарда терең білімге ие болуы тиіс.

Халықаралық мәнге ие болған бұл шара мұнайлы өлкедегі түрлі энергетикалық жобалар мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы мемлекеттік саясаттың нақты көрінісі десек қателеспеспіз. Өйткені, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау – өңірлердің теңгерімді дамуын қамтамасыз етудің басты тетігі. Әсіресе білім беру, инженерлік инфрақұрылым мен өндіріс салаларын интеграциялау – ұзақмерзімді экономикалық өсудің де негізі болмақ.

Ақтауда өткен халықаралық деңгейдегі бұл жиын – өңірлік бастамалардың жаһандық деңгейге шығуға қабілетті екенін айғақтай түседі. Мұндай іс-шаралар Маңғыстау облысының инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, оны білім мен инновация орталығына айналдыруға жол ашады.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Орал қаласында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шара өтті. Ол ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен республика аумағында жүзеге асырылып жатқан жалпұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақ арасында тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау және кәдеге жарату дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ экологиялық білім мен мәдениетті арттыру.

# ЭКОЛОГИЯҒА ҰҚЫПТЫ ҚАРАУ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Іс-шара барысында EcoQolday цифрлық жүйесін пайдалану арқылы оқушыларға қалдықтарды басқарудың заманауи тәсілдері түсіндірілді. Жоба шеңберінде қаладағы мектептердің оқушыларымен, сынып жетекшілерімен, сондай-ақ білім беру басқармасы қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Экологиялық ағартушылық бағыттағы бұл кездесулерді спикерлер – Әлима Қисымова және Назерке Оралбекова өткізді.

Бағдарлама аясында қатысушыларға тұрмыстық қалдықтардың қоршаған ортаға әсері, олардың түрлері, қалдықтарды бөлек жинау жолдары және қайта өңдеу мен кәдеге жарату тәсілдері туралы жан-жақты

ақпарат берілді. Теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлінді.

Жоба шеңберінде білім беру және материалдық қамтамасыз ету бағыттары да жүйелі түрде іске асырылды. Атап айтқанда, Орал қаласындағы 41 мектеп қамтылып, қалдықтарды бөлек жинау үшін 246 жинақ контейнер орнатылды. Бұл барлығы 738 дана арнайы контейнердің мектептерге орналастырылуын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, білім беруді қамтуы аясында 5665 оқушы арнайы оқытудан өтті. Бұдан бөлек, 827 мұғалімге арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылды. Олардың қатарында биология және география пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, технология пәнінің мұғалімдері мен мектеп директорлары болды. Бұл семинарлар мектептерде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау дағдыларын қалыптастыру және оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыру жұмыстарын жалғастыруға бағытталды.

«Таза Қазақстан» бастамасы – мектеп оқушыларының қоршаған ортаға ұқыпты қарауын қалыптастыруға, тұрақты тұтыну мәдениетін дамытуға және ұлттық экологиялық күн тәртібін ілгерілетуге бағытталған маңызды жоба. Ұйымдастырушылар бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті.

Жобаның орындаушысы – Қазақстан экологиялық қоры, ал іс-шаралар ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі қолдауымен жүзеге асырылды.

Е.КЕБЕКБАЙ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ





## ХАЛЫҚ ӨЗ ӘКІМІН ТАҢДАЙДЫ

Алматы облысында 26 сәуірде Талғар ауданындағы Талғар қаласының және Еңбекшіқазақ ауданындағы Бөйдібек би, Қарасай ауданындағы Жандосов, Жамбыл ауданындағы Теміржол, Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылдық округтерінің әкімдері сайланады. Әкімдік лауазымға үміткерлер ұсынуға «Аманат» партиясы бәсеңді болып тұр.

Алматы облысында алғашқы ауылдық округ әкімдерінің сайлауы бұған дейін 15 ақпанда Еңбекшіқазақ пен Жамбыл ауданында өткен болатын. Онда Еңбекшіқазақ ауданы Көктөбе ауылдық округі әкімі болуға 4 үміткер тіркелген. Сайлаушылар тізіміне енгізілген 9737 азаматтың 4268-і дауыс беруге қатысып, «Аманат» партиясы ұсынған бұрынғы әкім 2663 дауыспен өз орнын сақтап қалған еді. Ол өзін-өзі ұсынған үміткерлерден 2-3 есе көп дауыс жинаған.

Жамбыл ауданы Үңгіртас ауылдық округінің әкімін сайлауда да «Аманат» партиясы ұсынған бұрынғы әкім өз орнын сақтап қалған болатын. Онда сайлаушылар тізіміндегі 2228 азаматтың 1495-і дауыс беруге қатысып, оның 967-сі бұрынғы әкімнің өз қызметін қайта жалғастыруын жақтаған еді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»



### Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankl@mail.ru

## ТАРАТУ

4. «ALTYN EXCHANGE» ЖШС (БСН 241240018615) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қазақфильм ықшам-ауданы, 37-ғимарат, н.п. 50А, тел. 8 700 125 6526.

6. «УМ Construction» ЖШС (БСН 210440032947) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Водников-3 тұрғын үй алабы, 14-көше, 17-ғимарат.

8. «Global-Ет» (Глобал-Ет) ЖШС (БСН 161240007860) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 26-шағынаудан, 19/1-ғимарат. Тел. +7 705 232 97 33.

9. «Ломбард «Ковчег» ЖШС (БСН 100240006767) (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Мыңбұлақ шағынауданы, 58-үй, 3-пәтер) өзінің қызметін тоқтататыны және тарату процедурасының басталғаны туралы хабарлайды. Талаптарды осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылдайды: Тараз қаласы, Иманәлиев көшесі, 1-үй, 9-пәтер. Тел. +7 701 756 36 47.

10. «Ломбард «Әмір-Маржан» ЖШС (БСН 081240003444) (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 080000, Жайлау шағынауданы, 4-үй, 48-пәтер) өзінің қызметін тоқтататыны және тарату процедурасының басталғаны туралы хабарлайды. Талаптарды осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылдайды: Тараз қаласы, Рахмет Жолаев көшесі, 31-үй. Тел. +7 701 735 29 44.

## МҰРАҒЕРЛІК

3. 2025 ж. 26 қарашада қайтыс болған Каменов Бикбол Балтабасвичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С.Абуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 37-үй, т.е.ж.192. Тел. 8 701 743 23 68.

7. 11.10.1977 жылы туылған Коскараева Назира Копбосыновнаның 8 наурыз 2026 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т. Мадиходжаев көшесі, №15-ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алдиязовичке хабарласуын сұраймын. Тел. +7 778 100 09 83.

## ӘРТҮРЛІ

2. Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы «13» сәуірдегі № 5930-26-3-1/663 ұйғарымымен «Аман» ЖШС-н оңалту туралы іс қозғалды. № 15-1948-19-20.12.2004 жылғы ЖШС (БСН 990540004689) Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Гагарин көшесі, 83 мекенжайы бойынша тіркелген.

«b» Ақпан 2026 ж. «AgroLand» ЖШС кредиторы (БСН 120540008205) және Россосанский Николай Павлович арасында «Аман» ЖШС (БСН 990540004689) ұнақтыша әкімшісінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасалды. Кредиторлық талаптарды уақытына өкілсіз хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 11-ғимарат, 202а-кеңсе, мекенжайы бойынша қабылдайды, тел. 87016199536, e-mail: Ross\_nik5@mail.ru.

5. «НАО» Қайырымдылық қоғамдық қоры (БСН 190840027314), мекенжайы: Алматы қаласы, Фовизин көшесі, 10-үй, өзінің қайта ұйымдастырылатынын, яғни Корпоративтік қор «НАО» болып қайта құрылатынын хабарлайды. Жаңадан құрылған қордың негізін қалаушы – «Emlal Telemed» ЖШС (БСН 240840010708). Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжайда жазбаша түрде қабылданады: Алматы қаласы, Фовизин көшесі, 10-үй, тел. 8-701-444-85-07.

11. Алматы қаласы МАЭС-інің 2026 жылғы 16 сәуірдегі ұйғарымымен «Abylai Tours» ЖК-не қатысты (ЖСН 021220501370, Жұмаділов Абылайхан Жұмартұлы), оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қаласы, Шолохов көшесі, 49. Тел. 8 777 147 81 97, уақытша әкімші Дусипов М.Г.

12. «Прогресс Строй ЛТД 2050» ЖШС (БСН 110840000398) өзінің «MEDINA21» ЖШС-не (БСН 210540032831) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Бұқар жырау көшесі, 249-үй. Тел. +7 778 269 65 64.

13. «MEDINA21» ЖШС (БСН 210540032831) өзіне «Прогресс Строй ЛТД 2050» ЖШС-нің (БСН 110840000398) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Байқұдық көшесі, 55-үй. Тел. +7 778 269 65 64.

14. «LPG Дистрибьюшн» ЖШС (БСН 061140001679) өзіне «RR2» ЖШС-ін (БСН 151040027093) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010000, Байқоңыр ауданы, Өндіріс тұрғын алабы, Өндіріс көшесі, 89/3-үй.

15. «RR2» ЖШС (БСН 151040027093) өзінің «LPG Дистрибьюшн» ЖШС-не (БСН 061140001679) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050013, Бостандық ауданы, Бағанашыл ықшамауданы, Зеленая көшесі, 16-үй, тел. +7 775 556 36 22.

16. «Ұлттық қаржылық есептік стандартына 3-қосымша»  
Атауы «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры»  
Жеке Қоры  
Қызметінің түрі коммерциялық емес  
Қызметкерлердің орташа жылдық саны 14  
«Заңды мекен-жайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі» 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Шевченко көшесі, №7/75 үй, 3а тұрғын емес үй-жай.130240017820

### Бухгалтерлік баланс 31 желтоқсан 2025 жылғы жағдай бойынша

Активтер	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
<b>Активтер</b>		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	239 445	209 187
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	60 770	54 756
Қорлар	5 221	5 051
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	8 081	4 789
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	26 043	26 043
Басқа да активтер	22 361	11 476
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>361 921</b>	<b>311 303</b>
<b>Міндеттеме</b>		
Салықтар бойынша міндеттемелер	4590	-
Өзге міндеттемелер	63 556	1618
<b>Міндеттеме жиыны</b>	<b>68 146</b>	<b>1618</b>
<b>Өз капиталы</b>		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	293 775	309 686
Капитал жиыны	293 775	309 686
<b>Капитал жиыны және міндеттемелер</b>	<b>361 921</b>	<b>311 303</b>
Басшы	Малишева А.Т.	
Бас бухгалтер	Жалалова Ғ.М.	

### 2025 жылға алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп

«Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» Жеке Қоры  
Қызмет түрі коммерциялық емес  
Ұйымдық-құқықтық нысаны/ меншік нысаны Жеке қор  
Заңды мекен-жайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Шевченко к. үй №7/75, 3а тұрғын емес үй-жай, 130240017820

Көрсеткіш атауы	сомасы
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	209 187
<b>Келіп түскен қаражат</b>	
Қайырымдылық көмек	716 221
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	20 887
Білім беру гранттары портфелін құруға арналған инвестициялар	
<b>Түскен қаражаттардың барлығы</b>	<b>737 108</b>
<b>Пайдаланылған қаражат</b>	
<b>Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде</b>	<b>453 775</b>
Ғылыми және IT тағылымдамалар бағдарламалары	57 102
Білім алуға конкурстық гранттар	24 807
Есеновтік оқулар және өнірлік бағдарламалар	65 265
Қайырымдылық көмек	54 500
Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту	73 000
Ш.Есенов атындағы шәкірты	22 098
Ғылымды танымал ету	7 043
Yessenov Data Lab	30 434
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру	10 699
Академик Ш. Есеновтың 100 жылдығына арналған бағдарлама	78 366
Өзге де іс-шаралар	30 461
<b>Күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар</b>	<b>253 075</b>
<b>Барлығы пайдаланылған қаражат</b>	<b>706 850</b>
<b>Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы</b>	<b>239 445</b>
Басшы	Малишева А.Т.
Бас бухгалтер	Жалалова Ғ.М.

17. 2025 жылға арналған жылдық есеп «Аманат» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі коммерциялық емес ұйым» ЖМ

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құқық иеленушілермен жасалған шарттар саны – 746, оның ішінде Ұйымға мүшелік беретіндері – 687 (авторлар – 54, автор-орындаушылар – 70, орындаушылар – 557, фонограмма өндірушілері – 6), ұжымдық басқаруға құқықтарды беру туралы – 59 (авторлар – 39, автор-орындаушылар – 8, орындаушылар – 12).

Пайдаланушылармен жасалған шарттар саны – 282, оның ішінде телеарналар – 33, радиоканалдар – 48, кабельдік операторлар – 35, театрлар – 15, жария пайдаланушылар – 151.

Жиналған сыйақы сомасы – 796 856 720 теңге, оның ішінде авторлық – 575 349 881 теңге, сабақтас – 221 506 839 теңге.

Бөлінбеген сыйақы сомасы – 25 524 533 теңге, оның ішінде авторлық – 17 253 132 теңге, сабақтас – 8 271 401 теңге.

Жиналып, бөлінген сыйақы сомасы – 771 332 187 теңге, оның ішінде авторлық – 558 096 749 теңге, сабақтас – 213 235 438 теңге.

Құқық иеленушілерге бөлінген (есептелген) сыйақы сомасы – 543 651 686 теңге, оның ішінде авторлық – 391 812 654 теңге, сабақтас – 151 839 032 теңге.

Төленген сыйақылар сомасы – 461 836 412 теңге (алдыңғы кезеңдерді қоса есептегенде), оның ішінде авторлық – 282 872 016 теңге, сабақтас – 178 964 396 теңге.

2025 жылға есептелген сыйақылардан төленгені – 208 626 327 теңге, оның ішінде авторлық – 156 391 642 теңге, сабақтас – 52 234 685 теңге.

2025 жылы жиналып, есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы – 335 025 359 теңге, оның ішінде авторлық – 235 421 012 теңге, сабақтас – 66 702 928 теңге.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы талап етілмеген сыйақы сомасы – 94 264 975 теңге.

2025 жылы әкімшілік шығындарды жабуға бағытталған сома – 227 680 501 теңге немесе 29,5%.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zankl@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp: 7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, ал-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел.: 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Криволива Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерши көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

Кармағын суға лақтырып, таңғы ауамен кеудесін кере терең тыныстаған Сақыптың көзі жағадағы қарайған нәрсеге түсті. Кеше жоқ еді. Ата қаздай балпаңдай басып соған беттеді. Жақындап барып қарап еді, нық бауынан қамысқа ілінген жасыл түсті шағын аспалы сөмке екен. Кері бұрылып қармағына беттеді де, кілт тоқтады. Өзірге балық түртіп жатқан жоқ, сөмкені шығарып алып, ішінде не барын қарап көргісі келді. Бәрібір балық түскенше бос отырады ғой. Уақыт өтсін.

Жиырма мың доллар

Жүн басқан балтырын тізесіне дейін түріп суға түсіп, сырқытай ұзын қолдарымен сөмкені ештеп тартып алып, суын шыпылдатып сырмасын ашты. Алдымен қолына ылғал сіңген су жаңа спорттық костюм, жеңіл кеудеше, майка, жұқа шалбар ілікті. Одан соң бет ормал, әлдебір косметика, бірнеше алтын жүзік пен шынжырлар, сырғалар, күміс білезіктер, әшекейлер жүр. Содан кейін жарғылай ішілген сусын шықты. Оның астынан целлофанға салынып, мұқият-тап оралған жүз долларлық ақшаларды тапты. Санап қарап еді, бақандай жиырма мың доллар. Сақып шөлдегі шөптей шашы сиреген басын күректей алақандарымен ұстап, көк шалғанның үстіне салмақ сала жалп етіп отыра кетті. Бұл деген аз ақша емес.


Өз көзіне өзі сенер емес. Қармақ жайына қалды. Не істесе екен? Полицияға апарып бергені дұрыс па? Мүмкін бұл ақшаның іздеушілері болар? Жиырма мың доллар құр босқа суда жатпайды. Бір қылмысқа қатысы болуы мүмкін. Әлде біреу жоғалтып алды ма? Бұған осыншама байлықты ұсынып жатқан су перісі емес шығар. Алайда, ақшаны мұның алғанын кім көрді? Жоқ, мұндай олжадан айырғалатындай ақымақ емес. Біреулерге ұшырасып қалмас үшін тез арада бұл жерден кеткені жөн. Ақшаны іздеп жүргендерге кезігіп қалар. Сөмкені қолына алып жүрсе, кездескендердің назарын аударады. Ертең іздеу басталса, олар мұны көргенін айтады. Қалай әкеткені жөн? Ішіндегі су жаңа киімдерді кептіріп алып кісе немесе біреуге сыйға тартса ше? Біреу сұраса сатып алдым демей ме?

Жиырма мың доллар қолында тұр, киім неге керек? Киімді үйге барған соң әйелі көреді, одан біреу естиді. Ақыры полицияға жетіп бұған шығады. Сонда жиырма мың доллар көзден бұлбұл ұшады. Ақша мен алтынды ғана алып, сөмкедегі заттарды өзінге үйге апармай, істің артын бағып осы жерге жасырып тастағаны дұрыс. Жігіт қармағын жинап, ақша мен алтынды балық салып жүрген сөмкесіне сүңгітті. Содан соң жағадан үш-төрт метр жердегі қалың жыңғылдың арасына киім салынған сөмкені жасырып үйіне беттеді.

Қармақтан шоршыған «шортан»

— Үш күн бойы аңдып, бұған дейінгі ұрлықтарға қатысы бар деген «Бұқаны», Бұқарбай Бұлтақовты қолдан шығарып алдыңдар. Қолға түсіп тұрған жерінен қақпан жабылмай қалды. Бүкіл еңбек құмға сіңген судай зая кетті, — полиция басшысы алдында отырған екі инспекторға тұнжырай қарады.

— «Бұқаның» ұрлық жасағанын енді қалай дәлелдейсіңдер? Қуып жетіп ұстадыңдар, көлігінен күдік туғызар ештеңе таппадыңдар. Қолында ештеңе болған жоқ. Үйге оның қалай кіріп-шыққаны да жұмбақ. Жан-жағындағы камералар бар екенін біліп, бет әлпетін көрсетпеген. Әп-сәтте киімін де ауыстырып үлгерген. Әккі ұры қылмысқа барғанын өлсе де мойындамайды. Өзін аңдып жүргенін біліп, уақытша тыныштық «режиміне» көшеді. Сол үйге кіргенін, қолында сөмке болғанын ол жоққа шығарып отыр. Сіз не айтасыз, полковник Абылай Қайсенов? Жігіттеріңіз жерге қаратты. Қармаққа түскен балықтан айырылып қалды. Не себепті бұлай болды? — Жігіттер үш күн аңдығанда «Бұқа»



АЛТЫН САЛҒАН ЖАСЫЛ СӨМКЕ

(Детектив)

ол үйден басқа жерге барған жоқ. Төртінші күні ғана ұрлық жасап отыр. Көлік кептелісі салдарынан соңынан ергендер аз уақытқа ғана көз жазып қалған. Соңынан қайда екенін жедел түрде анықтағаннан кейін сол жерге жеткен. Өкінішке қарай, «Бұқа» көлікке отырып үлгерген. Оперативниктердің айтуынша үйден шыққанда оның қолында сөмке болған. Жедел топ артынан қуғанда ол темір жол өткелінен өткен. Полиция көлігі артынан жеткенше локомотив келіп қалған. Сол арадағы сәл кідірісті пайдаланған күдікті ақшаны жасырып үлгерген екен. Жігіттер ұстағанда қолында сөмке болған жоқ. Тіпті сырт киімін ауыстырып үлгерген. «Камерадағы мен емеспін, өздеріңіз көрдіңіздер үстімде ондай киім болған жоқ. Артыман тұра қуған соң жөй ғана жылдамдықты арттырдым», — деп өзі міз бақпайды. Кәсіпкердің үйіндегі бейнекамераларда ұрлықтың қолы бос емес екені көрініп тұр. Қазір оның маршрутты, ақшаны жасыруы мүмкін жерлер түгел тінтілуде.

— Қанша ақша қолды болғанын анықтадыңдар ма?

— Дубайда демалып жатқан үй иесі мен әйелін шақырттық. Кәсіпкер естіген бойда жұбайымен бірге жетті. Үй иесінің айтуынша бірнеше миллионның қымбат бұйымдары, одан бөлек жиырма мың доллар ақша, спорттық киімдер және жасыл түсті аспалы сөмке жоғалған. Киімдердің түр-түсін сұрап алдық. Қыруар ақшаны жымқырған. «Бұқа» заттар мен ақшаны жасыл сөмкеге салып алған шығар. Жедел топ жігіттерінің көргені сол болуы тиіс. Бірақ, қараңызда оның түсін ажырату мүмкін емес қой. Бізбен әңгімесінде үй иесі бапанасын қарап қоюды інісіне тапсырғанын айтты. Алайда ол жігіт ішеді, сол үйге аңда-саңда қонып жүрген көрінеді. Ұрлық болатын күні бөлесінің туған күніне кеткен. Қазір оның қылмысқа қатысы бар-жоғы анықталуда.

Полиция бастығы екінші инспекторға бұрылды:

— Экспертиза не айтып жатыр? — Терезені, есікті қалай ашқаны өзінге анықталған жоқ. Ешқандай із қалдырмаған. Қолғап киіп әрекет еткен, — деді инспектор.

— «Бұқаны» бір-екі күнде босатамыз, — деді Абылай — Өзірге ұстау кезінде полиция қызметкерлеріне тоқтамай қашып, апатты жағдай туғызғаны

үшін қамап отырмыз. Босағаннан кейін соңына аңду қоямыз. Ол бізді ұрланған нәрселерге апарарына сенімдіміз. Ломбардтарға, қымбат бұйымдар сататын кәсіпкерлерге және қара базарда ақша айырбастайтындарға біреу алтын бұйымдарымен немесе ірі мөлшердегі доллармен шықса, бізге хабарлауын ескерттік. Бірақ, оларды да назардан тыс қалдырмаймыз.

— Үш күн уақыт беремін, Абылай, — полиция бастығы үш саусағын көрсетті, — Жоғалған ақша мен алтынды иесіне қайтаратыныңызға сенімдімін. Кім ұрласа да, көкке ұшып, жердің астына түсіп кетсе де табыңыз. Барыңыздар, боссыздар.

Алтынның буы

Сақыптың ойынан жыңғыл арасында қалған жасыл сөмке шықпай қойды. Оны сол жерге тастап кеткені бекер болды. Сөмкенің өзін қалдырып, ішіндегі киімдерді үйге әкеліп тығып қойса ше? Су жаңа спорттық костюмнің жыңғыл арасында жатып шірігені жақсы нәрсе емес. Мүмкін өлшемді бұған келетін шығар? Өзі кісе, қайдан алғанын кім біліп жатыр? Сыртқа шығып қарап еді, әйелі сиыр саууға кетіп барады екен. Деру жиырма мың долларды, алтын мен күміс бұйымдарды тығып қойған жерінен шығарып алды. Мың доллардан санап, қатарластыра қойды. Қандай керемет! Мұндай ақша қолына тиіп көрмеңгі. Күзетшілік қызметінде ай сайын алатын жүз он мың теңгені місе тұтып жүрді ғой. Ол мына жүз деген саны бар жасыл қағаздың екі данасы емес пе? Жиырма мың долларың айырбастау курсымен есептесе теңгемен он миллионнан асып жығылады. Оған мына алтын, күмістерді қосқанда тағы бірер миллионға жетеді. Сақып бір бума долларды алып іскеп қарады. Паф, шіркіннің інісін-ай. Өмірінде доллар ұстап көремін деп ойлап па? Енді бұл ақша мұның олжасы. Бірер ай күтіп, бәрі тыныш болса қаладан үй алады. Жоқ, әуелі көлік мінгені жөн сияқты. Сонда қалаған жеріне барып қармақ құрады. «Алайда, бұл біреудің жиып-терген еңбегі ғой. Мүмкін қиын кезге немесе бала-шағаның нәпақасы деп жинап жүргені болар. Қалай арың барып жаратасың?» — дейді санасында бір дауыс.

«Мұндай олжа қолына түсе бермейді. Сондықтан пайдаланып қал. Ұрлап-жырлап, күштеп тонап біреуден

тартып алған жоқсың ғой. Құдайдың өзі берді», — дейді екінші дауыс...

— Мәссаған, бұл негекен байлық, — деген Айымгүлдің әдемі дауысы оны селт еткізді, әйелінің қолынан сиыр саууға алып шыққан шелегі түсіп кетті.

Келіншек сүттей аппақ, нәп-нәзік қолдарымен жүзін басты:

— Мұны кім берді Сақып? — Кеше қармаққа барғанда жағадан тауып алдым.

— Керемет! Енді біз баймыз, солай ма, Сақып? — Айымгүл тізерлеп отыра кетіп алтын-күміс заттарды қолына алып, бәрін ұмытып, қызыға қарай бастады.

— Ешкімге тісіңнен шығарушы болма! Өсіресе балаларға айтып жүрме! «Балалы үйдің ұрлығы жатпас», — деген сөз бар.

— Сәнімгүлге айфон алып берейік. Айбарға электромобиль әперейік. Алмаста дұрыс костюм жоқ. Өзіңе де бір күртеше қарайық.

— Айымгүл «А» десем «Б» дейтінін не сенің? Саған «Ешкімге тісіңнен шығарушы болма» дедім ғой. Бірер ай күтейік, содан кейін бұл ақшаны не істейтінімізді ақылдасып шешерміз.

— Жарайды, түсіндім! Сақып, мына алтын шынжырды мойныма тағып қарайын ба? Өте қымбат нәрсе сияқты.

— Жарайды, соны ала ғой. Басқасына тиісуші болма, жасырып қояйын.

— Мына сақинаны берші. — Тиме деймін, саған айтылды ғой. Кішкентай балаға ұқсап неге сұрай бересің?

— Туу, бере салсайшы енді?

— Жарайды, ала ғой. Сиыр саууды ұмытып кеттің-ау.

— Жаңа сыртқа шығып қарағанымда келе қоймаған екен. Саууға шығайын, алтынның жарқылы мен ақшаның буына байланып қалдым ғой, — деген Айымгүл күліп, атып тұрып Сақыптың маңдайынан сүйді, — Сендей азаматым болғанын мақтан тұтамын.

Тапсырма

— Кеше осы жерді полиция қызметкерлері жағалай қарап шықты дейсің бе, Таусоғар? — Бұқарбай қасында тұрған жылтыр басынан шыбын тайып жығылатын, екі мығына екі адам мінгендей кең жауырынды, толық денелі жігітке бұрылды, — Менттар қуғанда жиырма мың доллар мен алтын заттар салынған жасыл сөмкені мына көпірден өзенге лақтырып үлгердім. Үстімдегі киімді ауыстырып өзенге жасырдым. Тез киінуді білемін, әскерде болдым ғой. Сөмке не батып немесе өзен арнасымен ығып кетті. Екеуіңіз біреуі. Полициялар оны көрген жоқ. Бірақ, үйден жасыл сөмкені алып шыққанымда тап болғанына қарағанда, сіре сыртыман аңдыған ғой. Өздеріңше мені қылмыс үстінде қолға түсіргісі келген. Арам ойлары іске аспайды. Олар жаға бойын қарамайды, сөмкені суға лақтырады деген ой бастарына кірмейді. Тағы да байқатпай соңымнан еріп жүрген шығар. Сені осы көпірден қармақ құрып тұр деп шақырғаным содан. Қазір кетемін. Саған тапсырма осы арадан тапжылма! Сонда артыман аңду бар-жоғын көресің. Болса маған телефон соқ. Менің соңымнан жүре берсін, сен сөмкені іздеумен айналыс! Қасыңа жігіттерді алып, мына өзеннің түбін қара. Су астында жоқ болса, жаға бойын түгел тінті! Ештеңе қалдырма! Өзенде ағын көп болғанымен, сөмкені біраз салмағы бар, жылдам ыға қоймайды. Жағада шөпке немесе құраққа ілініп тұрған шығар. Егер судан таппасаң, жасыл сөмкені біреу әкеткені. Бай адамдар мұнда келмейді. Жарлы-жақыбайлар болса тапқан олжасын пайдаға асыруға тырысады. Базарға, ломбардтарға барғандарға назар аударыңдар. Сонымен қатар бұл жерлерге кімдер

келетінін анықта. Жиырма мың доллар мен алтынды қалайда тап!

— Сөмкені суға лақтырмай жақын маңға жасыра салмадың ба?

— Маған соны айтатын кісі керек еді. Сен мені ақымақ санап тұрғаннан сауымысың? — Бұқарбайдың дауысы қатқыл шықты.

— Жоқ, жай сұрай салдым, — деді оның ұрда-жық мінезін жақсы білетін Таусоғар күмілжіп.

— Ол жерде менде басқа амал қалған жоқ. Бірер минут қана еншімде болды. Ұрланған затпен қолға түссем, бұған дейінгі қылмыстардың бәрін мойныма іледі. Ақшаны целлофанға орап салдым. Оған су тимейді. Айтпақшы, базардағы таныс менттарың бар, соларға да тапсырып қой.

— Базарға әкелсе өзіміз де табамыз ғой, менттарды араластырып қажеті қанша?

— Өзің біл! Анау көлікті көрдің бе? Мені аңдып жүргендер болса, қазір артыман ілесуі тиіс. Көп тұрса екеуімдің арамьыда байланыс бар деп сен де күдіктенеді. Жаңа айтқан тапсырмаларды тез арада орындайтын бол. Сосын, мен ұзағанша осы орнынан тапжылма, күдік тудырасың, — Бұқарбай көлігіне беттеді.

Ол қозғалысымен бейтаныс көлік те орнынан жылжыды. Көпірден өткенде Таусоғар оның ішінде екі қыз отырғанын байқады. Көлік Бұқарбайдың артынан ілеспей мүлдем басқа бағытқа кетті. Бұл жөнінде Таусоғар басшысын хабарлар етті. Бірақ, екеуі де қыздардың қарапайым киінген полиция қызметкерлері екенін, жаңа тапсырма алғанын білмеді.

Күмән

Сақып ақыры бір шешімге келіп, қолына қармағын алып жасыл сөмкені жасырған жеріне беттеді. Мақсаты — ол жерде ақшаны іздеп жүргендер бар ма, жоқ па — соны білу. Жоқ болса сөмкені үйге әкелу. Сол үшін оны салатын қап алып шықты. Ішіндегі керегін алып, жасыл сөмкенің көзін құртады. Жағаға тастаса полиция бұл жерге кім келетінін тексереді. Қазір іздеп жатуы мүмкін. Полиция іздесе, демек, қылмысқа қатысы бар. Есі дұрыс адам алтын мен ақша салынған сөмкені суға лақтырмайды. Иесі немесе жаны қысылған ұры басқа амалы қалмағандықтан осындай әрекетке барғаны анық.

Иә, жасыл сөмкенің полициядан басқа да іздеушілері болуы тиіс. Ол сөмкені суға лақтырған адам немесе соны көргендер. Жыңғылдың арасында жатса ерте ме, кеш пе табады. Сөмкеге аяқ бітіп, жыңғылдың арасына жасырылғаны белгілі нәрсе. Содан кейін көптеген сұрақтар туындайды. Сөйтсе, бұған да шығару мүмкін. Ендігі судың астын қарап, таппаған соң жаға бойын да сүзіп шыққан болар. Ертең мұнда кім жиі келетінін сұрастырса, танытындар бұған сілтейтіні анық. Қармаққа шықпаса, тағы күдік тудырады.

Түнде әйеліне осыларды айтып ақылдасып еді. Айымгүл шошып кетті. «Қайғысыз қара су ас» деген сөз бар, құрысын, бәрін полицияға апарып тапсырып таста. Біреудің мүлкі ғой, басымыз бөлеге қалып жүрер. Баяғыдан бері жалтыраған алтын тағып, шытырлаған доллар ұыстамай да елден озбай, көштен қалмай гүмүр кештігі. Осы күнімізге зар болып жүрерміз. Балаларың бар екенін де ойла! Басымызға қауіп төндірме! Ертең екеуімізді де қылмысқа қатысы бар деп жауапқа тартып, шақшадай басымызды шарадай етеді немесе анау бандиттер түбімізге жетеді», — деді әйелі.

Байғұс, басқа қонған бақы кері теуіп тұр. Біреудің мүлкі екенінде тұрған не бар, ұрлап алған жоқпын ғой. Құдайдың бұйыртқаны шығар. Бұл кімнен кем? «Жарлының бір тойғаны, шала байығаны», ертең ақшаны қажетіне жұмсайық. «Үйді сатып қалаға көшейік. Ол жақтан бізді ешкім іздемейді. Сатқан үйдің ақшасын жаратып жүр деп ойлайды», — деген еді, Айымгүл қарсылық танытты. «Балалардың үйреніп қалған жері ғой.

Қанат ҒУМАРОВ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Батыс Қазақстан облысы Шадиар Мекенбайұлы 87757335665. Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 6405 дана Апталық таралым 12810 дана

Тапсырыс №957 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31